



Табысқа
апарар жол!



- САТУ ТЕХНИКАСЫ
- БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН
МАРКЕТИНГ
- ТИІМДІ БИЗНЕС КОМАНДАНЫ
ҚҰРУ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

“KMF” және “KMF-Демеу” компаниялар тобы “Бизнесті басқаруда қаржылық сауаттылықты арттыру” немесе “Табысқа апарар жол!” бағдарламасын ұсынады. “KMF-Демеу” корпоративтік қоры әлеуметтік жобаларды іске асырады, оның ішінде халық арасында қаржылық сауаттылықты насиҳаттаумен айналысады. Қордың миссиясы – әлеуметтік жауапты бизнес ортаны қалыптастыру және халықтың көсіпкерлік ойлауды дамыту.

“Табысқа апарар жол” бағдарламасы 5 бөлек тақырыптан тұрады:

1. “Бизнесті басқарудағы қаржылық есептілік: баланстық есеп, кірістер мен шығыстар, ақша ағындарын басқару (кэш-флоу)”;
2. “Сату техникасы”;
3. “Кіші және шағын көсіпорындарға арналған маркетинг”;
4. “Тиімді бизнес команданы құру”;
5. “Бизнесті кеңейту немесе әртаратандыру”.



Біз осы кітапшада 3 тақырыпты біріктірдік, онда кіші және шағын бизнестің негізгі маркетинг элементтері, баға белгілеу әдістері және мерчендайзинг, сату техникасы және тиімді бизнес команданы құру туралы сөз қозғайтын боламыз. Алған білім мен қажетті дағдылар Сізге өз ісіңізді одан әрі табысты басқаруға, кемшіліктер мен қателерді уақытында анықтауға, бизнесіңізді кеңейтуге, кірісіңізді көбейтуге және бизнесіңіздің тиімділігін арттыруға көмектеседі.



**Сізге және бизнесіңізге
табыс тілейміз!**

Құрметпен, “KMF”
және “KMF-Демеу” қоры
компаниялар тобы.





МАЗМҰНЫ

Сату техникасы.....	4
Кіші және шағын кәсіпорындарға арналған маркетинг.....	31
Тиімді бизнес команданы құру.....	76
Кері байланыс нысаны.....	98
Жоба кеңесшісі туралы.....	99

САТУ ТЕХНИКАСЫ



Бағдарламаның мазмұны

- 1.** Адамдар не үшін сатып алады?
- 2.** Өнімдердің артықшылықтары мен сипаттамалары.
- 3.** Сату процесі және әр кезеңнің негізгі сәттері.

Бұл тақырыпта біз сатуға ықпал ететін және кедергі келтіретін факторлар туралы сөз қозғаймыз. Біз сату техникасының көмегімен: сату процесінің схемасын түсіндіреміз; сату процесінің барлық кезеңдерін сипаттаймыз; қажеттілікті анықтау, қарсы пікірлермен жұмыс істеу, мәміле жасаудағыларын игереміз.

АДАМДАР НЕ ҮШІН САТЫП АЛАДЫ?

Әр сатып алушың артында не тұр, барлық сатып алушы не біріктіреді және сатушыға сатып алу себебін ұғыну не беретінін ойланып көрейікші.

Адамдар өздерінің проблемаларын шешу үшін белгілі бір затты, қызметті сатып алады. Мысалы: медицина - бас ауыру проблемасын шешу үшін; кітап - ақпараттың жеткіліксіздігі немесе бос үақытын өткізу проблемасын шешу үшін; тамақ - аштық проблемасын шешу үшін; кредиттік карта - ақша қаржатының жетіспеушілігі немесе белгілі бір затты сатып алу қажеттілігі проблемасын шешу үшін. Келтірілген мысалдардың алудандығына қарамастан, барлық проблемамарды бір нәрсе біріктіреді. Кез келген сатып алу дегеніміз – бұл қандай

да бір проблеманың шешімі. Адамдар сатып алу арқылы проблемаларын қалай шешеді? Азық-түлік сатып алу – тамақтану және қонақ күту проблемасын шешу. Ауруды басатын дәрі сатып алу – бас ауруының проблемасын шешу. Ұялы телефон сатып алу – коммуникация жәнеabyroй проблемасын шешу. Троллейбусқа билет сатып алу - жылдам қозғалыс немесе шаршаған аяқтың проблемасын шешу. Театрға билет сатып алу – бос үақытты өткізу немесе рухани рақатқа бөлену проблемасын шешу. Өздеріңіз байқағандай, бірдей сатып алуштар сатып алушының жеке басына және өзге де факторларға байланысты түрлі проблемаларды шеше алады. Ең бастысы – бұл әрқашан проблеманы шешу.

Егер біз проблеманың себебін білсек, сатып алу арқылы оның он шешімін таба аламыз. Шешім дегеніміз – бұл сатып алушы немесе тұтынушы өнімді тұтыну немесе қызметті пайдалану арқылы алатын пайда. Бұл өнімді пайдаланудың артықшылықтары. Назар аударыңыз, сатып алушы әрқашан тұтынушы бола бермейді. Мысалы, ата-аналар балалар тағамын сатып алады, ал балалар тұтынады. Құрылым материалдарын жөндеу жұмыстарын жүргізетін адамдар сатып алады, ал оларды жұмысты орындау үшін жалданған құрылышшылар пайдаланады. Осылайша, біз сатып алу дейтін басты анықтаманың ара-жігін ажыратамыз.

САТЫП АЛУ –


бұл қандай да бір проблеманың шешімі. Бірдей сатып алушар мүлдем түрлі проблемалардың шешімі болуы мүмкін. Егер сатушы проблеманың нeden туындағанын түсінсе, онда оған шешу жолын ұсыну жеңілірек болады. Шешім әрқашан өнімдер және қызметтердің тиімділігімен байланысты.



ӨНІМДЕРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Мына сұрақтарға жауап табайық: өнімнің артықшылығы мен сипаттамасы дегеніміз не? Тұтынушы нақты нені сатып алады: артықшылықты ма, сипаттаманы ма? Не маңызды: артықшылық па, сипаттама ма? Міне осы үш сұрақтың жауабын білуіміз керек.

Біріншіден бастайық. Өнімдердің артықшылығы мен сипаттамасы туралы сұраққа жауап беруіміз үшін келесі оқиғамен танысадайық...



КІР ЖУАТЫН МАШИНАНЫ САТЫП АЛУ ОҚИҒАСЫ

Шағын пьеса

Қатысушы тұлғалар:



Дамиль

Бірінші сатушы.



Ажар

Кір жуатын машинаны
сатып алғысы келетін, техника
тілін білмейтін егде жастағы әйел.



Камиль

Екінші сатушы.



Оқиға техника сататын үлкен супермаркеттің, кір жуатын машиналар бөлімінде болып жатыр.



Ажар (оыйн сыртқа шығарып):

Енді не істесем екен? Кір жуатын машина сатып алу үшін келіп едім, Мына жерден басың айналады той, не деген көп... Қайсысын таңдасам екен. Бағасына келсек, кір жуатын машинаға қанша қаржы жұмсай алатынымды білемін. Қолымда бар ақшадан артық жұмсай алмайтын да анық. Бар сол ақшаның өзіне машинаның сан түрін таңдап алуға болады екен. Қайсысы жақсы екенін қайдан білемін? Барлығы әдемі, ақ, кнопкалары да бар. Міне, маган кеңес беретін сатушы да бар екен. Балам, маган мына кір жуатын машиналардың ішінен лайықтысын таңдап берші.

Дамиль:

Тыңдал тұрмын, Сізге қандай көмек көрсете аламын?



Ажар:

Кір жуатын машина сатып алайын деп едім. Қандай сомаға алатынымды білемін. Дәл осы сомаға машинаның бірнеше үлгісі бар екен. Барлығы да бір қатарда тұр. Қайсысын таңдарымды білмей тұрганым. Балам көмектесші.



Дамиль (жылдам, жаңылтпаш айтқандай тізбектей жөнеледі):

Барлығы Сіздің нені қалайтындығыңызда және қандай сипаттағы техниканы іздегендігіңізде. Кір жуатын машиналардың сипаттамалары машинаға жабыстырылған карточкаларда жазылған. Оқыңыз да, таңдаңыз – онда барлығы жазылған. Қандай таңдау жасауыңыз керек екенін анықтап алыңыз: Сіз машинаның қандай түрін қалайсыз: кірді тігінен салатын ба, әлде көлденеңінен бе? Қуат көзін тұтыну санатын шешесіз ғой? А, В, және С немесе F, G? Мүмкін аралық санаттағы D мен E болар? Сізге қандай барабан ұнайды: пластиктен жасалған ба, әлде тот баспайтын темірден бе? Көрдіңіз бе, барлығы оп оңай, барлығы жазылып тұр. А, иә, Сізге механикалық па, әлде электронды басқару тетігімен бе? Шешім қабылдағаннан кейін мені шақырыңыз, мен Сізге қажетті сипаттамадағы машинаны таңдап беремін. Ал қазір, кешіріңіз, мені басқа клиент күтіп тұр.



Ажар (Дамильдің түсіндіруін тыңдаған сыйын көзі бақыраға түсіп, ештеңе түсінбегені түрінен айқын көрініп тұр):

Иә... “кереметтүсіндірді” ... көлденеңінен, тігінен, қайдағы бір АБВГД дейтін санаты мен бак... Маған қандай бак керек? Мен қандай бакты қалаудым керек? Маған ешқандай да бак керек емес, маған жақсы кір жуатын машина керек! Міне тағы да бір сатушы келе жатыр, содан сұрайын, бағін де, басқасын да ...

Камиль:

Байқауымша, сіздің қояр сауалыңыз бар секілді.
Тыңдал тұрмын, Сізге қандай көмек көрсете алаамын?



Ажар:

Иә, балам, келгеніңе рақмет. Кір жуатын машиналарды қарап жүрмін. Бағана бір бала маған кеңес берген болатын. Маған қайдағы бір көлденеңінен, тігінен, АБВГД дейтін санаты мен бак жайлы айтқан еді, мен техника тілін білмеймін ғой. Маған бұның бәрінің керегі жок, жайғана жақсы кір жуатын, тез сынып қалмайтын машина болса деймін.

Камиль:

Уайымдамаңыз, қазір бәрін шешеміз. Сіз кір жуатын машинаны қай жерге қояйын деп едіңіз? Ол жерде орын жеткілікті ме?



Ажар:

Иә, қоятын жерімде орын жеткілікті, ванна бөлмесіне сыймайтын болғандықтан, дәлізге қоямын.

Камиль:

Тұсінікті, ендеше мен Сізге кірді тігінен салатын түрін ұсынамын. Бұл машиналар аз орын алады. Оларды сатып ала отырып, Сіз кеңістікте үнемдейсіз, сондай-ақ Сізге суды аз жұмсайтын машина керек. Суды қаншалықты аз жұмсаса, соншалық электр қуаты мен кір жуатын ұнтақ аз жұмсадады. Яғни, А, В және С санатындағы машинаны сатып ала отырып, сіз әлектр қуатын үнемдейсіз. Машинаның шығаратын дыбыс деңгейі Сіз үшін аса маңызды ма?

**Ажар:**

Жоқ, құлағым да дұрыс естімейді. Немерелерім келген кезде олар түпкі бөлмеде ұйықтайды.

Камиль:

Ендеше, ұзакқа тәзімді машинаны таңдауга болады. Пластик барабандарының артықшылықтары тottтанбайды және діріл мен шу деңгейі төмен. Бірақ, оның бір кемшілігі оның сынғыш келетіндігінде, сол себепті пластиктің сыннып қалу қаупі бар. Енді өзіңіз шешерсіз.





Ажар:

Ой, балам, көп жаса, бәрін түсіндім. Мен енді үйдегі орынның үнемделуін; АБВГД санатын емес, электр құатының үнемделуін; бак емес машинаның ұзақ мерзімді жұмыс жасаудың таңдастынымды түсіндім.

Дамиль (Ажарға келіп):

Міне, менің қолым енді босады. Апа, Сіз қандай сипаттағы машина таңдайтыныңызды шештіңіз бе?



Ажар:

Иә, балам, таңдадым!

СОҢЫ

Оқиғамен танысқаннан кейін, келесі сұрақтарға жауап беріп көрейік

- **Дүкенде не болды? Дамиль мен Камильдің тауар таңдауға көмектесу барысындағы айырмашылығы неде?**
- **Сатушылардың қайсысы кір жуатын машинаның сипаттамасын, ал қайсысы артықшылығын айтты. Сатып алушыға кім жақсы көмектесті?**
- **Өнімнің сипаттамасы мен артықшылығы туралы анықтама құрастырыңыз.**
- **Өнімнің артықшылығы мен сипаттамасы арасында қандай байланыс бар?**

Алдымен терминдерді анықтап алайық

ТАУАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ДЕГЕНИМІЗ –

тауардың неге ие екендігі. Салмағы, түсі, жылдамдығы, көлемі, ұзындығы, кез келген сипаттама.

ТАУАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ДЕГЕНИМІЗ –

сатып алушының иеленетіндігі. Электр қуатын көп жұмсайтын X санатты тауар ешкімге керек емес. Клиент А, В, С және т.б. латын әріпптерін сатып алмайды, пайдалану барысындағы қолайлылық, сенімділік пен кеңістікті үнемдеу сияқты артықшылықты сатып алады. Мысалы, ұялы телефонның сұр түсі – маңызды бөлшек болып табылмайды! Қарапайым кеңсе қызметкерін бастық ретінде көрсететін стильді аксессуар үшін біраз қаржы жұмсауға тура келеді.

Ендеше, адамдар нақты не сатып алады? Адамдар артықшылықты сатып алады. Дегенмен, артықшылық өзінен өзі туында майды. Олар - сипаттаманың көрінісі. Демек, осы сессияның үшінші сұрағына қалай жауап береміз – маңыздысы артықшылық па, әлде сипаттама ма?

Өнімдердің артықшылығы мен сипаттамасы да бірдей маңызды. Сипаттама дегеніміз – өнімнің қасиеті туралы мәліметтер мен деректер, ақпарат. Тағы да “ерекшелік” деген термин бар. Артықшылық сатып алушыға өнімдерді пайдалану барысында көмектеседі. Тұтынушы “Бұдан маған қандай пайда келеді?” дегенді білгісі келеді. Алдымен артықшылықтан бастау көрек, себебі мұнды адамдар сатып алады, сөйті тұра сипаттаманы да білу көрек – бұл артықшылықты қамтамасыз етеді. Сипаттамасыз артықшылық болмайды.




Осы тұжырымдаманы бекіту үшін және сипаттаманы артықшылыққа айналдыру дағдысын иелену үшін тағы бір жаттығу жасайық,

Сіздің тауар – сыйымдылығы 120 литр болатын қоқыс тастауға арналған пакеттер 35мк қалыңдықтағы жоғары қысымды полиэтиленнен жасалған. Түсі қара. Онымен қоқыстарды сақтау және тасымалдау ыңғайлы. Бір рулонда бөлініс жолақтары бар 20 пакет. Бір пакеттің көлемі – 68×110 см.



Тапсырма: өнімнің сипаттамасын және атын атамай, қоқысқа арналған пакеттердің артықшылығын елестетіңіз.



Бұл өнімнің артықшылығын келесі түрде көрсетеміз: сыйымдылығы, түсінің кіршең еместігі, материалының тығыздығы, пайдалану ыңғайлылығы, қаражат үнемділігі



Ендеше бұл сессияны қорытындылайық

Тұтынушылар өнімдердің сипаттамасын сатып алмайды, артықшылығын сатып алады. Демек, жақсы сатушы әрқашан өнімді пайдаланудың артықшылығын немесе пайдасын ескере отырып, сипаттамасы жайлы айтуға әрқашан дайын болады. Бірақ бұл сатып алушылар сипаттамаларға мұлдем қызығушылық танытпайды дегенді білдірмейді. Олар сатып алушы білгісі келетін белгілі бір кезеңде маңызды - ол қандай сипаттамаларға байланысты пайда көреді. Сондықтан жақсы сатушы өнімнің немесе қызметтің сипаттамалары туралы жақсы білуі керек және оларды тұтынушылар үшін пайдаға айналдыра білуі керек.

**Пайданы тұжырымдау – маған бұдан қандай
пайда келеді? Пайда өздігінен пайда болмайды,
оларды өнімдердің сипаттамалары түзеді.**



Сипаттамадан бастау – қате!

**Сипаттаманың маңыздылығын бағаламау, яғни
өнімдерді білмеу – қате!**

**Бәсекелік артықшылық –
“біздің ұсынысымыз несімен жақсы”.**



САТУ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ӘР КЕЗЕҢНІң НЕГІЗГІ СӘТТЕРІ

Сату процесін түсіну және сату процесінде қажетті дағдыларды білу арқылы біз өз пайдамызды арттырамыз. Сату процесінің кезендері – бұл процесс қандай міндепті элементтерден тұрады? Басқаша айтқанда, сатушы мен сатып алушы өзара араласқан жағдайда, сату процесінде міндепті түрде орын алатын жайттар қандай болады? Біз келесі әрекеттердің тізімін шығардық:

- 1. кездесу;**
- 2. амандасу;**
- 3. сатушыға қойылатын сұрақ;**
- 4. тауар туралы түсінік;**
- 5. саудаласуға мүмкіндік беру;**
- 6. жеңілдікке мүмкіндік беру;**
- 7. клиенттің тауарды сатып аладан бас тарту мүмкіндігі;**
- 8. сатып алу мүмкіндігі;**
- 9. әңгіменің қорытындысы, қоштасу.**



Енді осы процесті ретке келтіріп, белгілі бір кезеңдер тізбегін бөліп көрсетуgetтырысайық. Есте сақтауды жеңілдету үшін біз Виражи деп аталағын сату процесінің моделін ұсынамыз. ВИРАЖИ – бұл аббревиатура, бірақ сөздің өзі кейбір символизмге ие. Сату процесі, бұрылыстары бар жол сияқты (тік бұрылыстар) және бұл бұрылыстарды қалай еңсеретіні және мәміле жасау үшін мәрекеге жететіні не жетпейтіні, көбінесе сатушының өзіне байланысты.

назар аудару	бастама	реакция	акцент	ықылас	қызығушылық
--------------	---------	---------	--------	--------	-------------

Міне сіздерге сату барысының 6 кезеңі берілген. Әрине, бұл шартты кезеңдер. Бұлардың барлығы сату процесінің барлық кезеңдерінде болмауы мүмкін. Мысалы, сатып алушы саудаласпай, наразылығын білдірмей тауарды сатып алуы мүмкін, бұл жағдайда наразылықпен жұмыс жасау кезеңі болмайды. Бірақ бұл сатушы мен сатып алушының өзара әрекеттестігінің даму сатысы болып табылады. Сондықтан біз олардың әрқайсына тоқталамыз.

Барлығы сатып алушының дүкенге, тауарға немесе сатушыға **назар аударуынан** басталады... Назар аударуынан сатып алуға қызығушылық пайда болмайды. Назар аударылғаннан кейін сатып алушы сатып алушының проблемасын анықтау бойынша бастама танытуы керек. Бұл – **бастама**. Біздің “проблема” деп отырғанымыз – сатып алушының сатып алу арқылы проблемасын шешкендігін айтамыз. Проблеманы немесе қажеттілікті, не-

месе клиенттің қалауын, қажеттілігін анықтай отырып, сатушы белгілі бір өнімді, қызметті ұсыну арқылы әрекет жасайды. Бұл – **реакция**. Көбінесе сатып алушы белгілі бір түрде өзінің күмәні мен наразылығын білдіріп жатады, ондай жағдайда сатушы дер кеziнде әрекет етуі тиіс. Ол тауардың сипаттамасы мен артықшылығы түрғысында **акцентті** дұрыс орналастыруы керек. Сатушының міндеті – сатып алушыны келесі кезеңге дейін жеткізу – сатып алушының тауарды сатып алу немесе мәміле жасау **ықыласын** тудыру. Бірақ, тауарды сатып алғаннан кейін де процесс аяқталмайды. Клиентпен мәміле жасап болғаннан кейін де, тіпті клиент ештеңе сатып алмасада, оған **қызығушылық таныту** аса маңызды.

Біз сіздермен әр кезеңді рет ретімен талдаймыз және сол әр процестің маңызды кезеңдері мен сатушылардың қандай қате жіберетінін қарастыратын боламыз.

“НАЗАР АУДАРУ” КЕЗЕҢІ

Қалай назар аудартуға болады?

Төмөнде әңгімені бастау үшін назар аударту әдістерін қарастырамыз.

Біз не үшін аяқ райын сөз қыла- мыз?

Себебі, ол әңгімеміздің басында, кіріспе ретінде белгілі бір байланыс орнату үшін қажет. Сонымен қатар, егер белгілі бір мәселе бойынша пікіріміз бір жерден шықса, онда әңгіменің әрі қарай жарасу ықтималдығы мол болады.

Қандай бағытта әңгімелескен ұнайды?

Әрине, өзіміз жайлы. Көпшілік адамдар өздері туралы айтқанды ұнатауды, себебі ол кезде әңгіменің өзегі (дүкен немесе тауар емес) сол сатып алушының өзі болады.

Ұнататындығыңызды білдіру – бұл жерде нені аңғаруға болады?

Бұл – адамдардың үнемі біреуге ұнатағысы келетіндігінде. Клиентке оны ұнатағындығыңызды білдіріңіз. Оның сізге ұнайтынын көрсетіңіз. Ол үшін Сіз сатып алушы бойынан ұнамды болып көрінетін тұсты тауып алыңыз. Бұл шынайы көріну үшін, адамның бойындағы жағымды тұсты белгілеп, оны сипайы түрде жеткізе біліңіз. Ол үшін бізге көмекке комплимент келеді. Комплимент білдіре білу де өнер.

Комплимент білдірудің не екенін белгілеп алайық.

Комплимент – мақтау, қолдау, сыйластық көрсету, сыпайылық таныту, мойындау, таңданыс білдіру түрі. Бұл – міндетті түрде нақты факт болуы мүмкін, бірақ аздап өсірелеу. Комплименттер – басқа адамдармен байланыс орнату үшін қолданылатын қарапайым, бірақ күшті құрал. Оларды түрлі себептермен айтады, бірақ әдette көпшілігі көңіл-күйді көтеріп, адамның өзін-өзі бағалаудын арттырады. Біздің адамға деген ықыласымыз, әдette оның амалын тауып ерекше қасиетін айқындау. Комплимент айтқан кезде Сіз шынайы әрі ашық болуыңыз көрек, Сіздің сөзіңізде мысқыл мен жағынудың көрінісі байқалмауға тиіс. Сіз комплимент айтуда барысында ықыласыңызды басқа адамға аударып, оның жақсы жақтарын белгілей бастайсыз, ол кезде сіздің ол туралы оң пікіріңіз арта түседі. Егер бір адам басқа адамға жылы сөз айтатын болса, онда ол өзін-өзі бағалау

деңгейін арттырады. Себебі адам басқа біреудің бойындағы жақсы қасиеттерін байқауы және бағалауы үшін бойында белгілі бір деңгейде өзіне деген сенімділігі болуы шарт және сол ойын жеткізе білуі керек. Оған қоса, өзге адамдардың бойындағы жағымды қасиеттерді ескеру арқылы өз бойыңыздагы жақсылықты байқайтын боласыз. Көбінесе, адамдардың сырт келбетіне қарап комплимент айтамыз (мұсіні, киімі, шаш қоюы, сырт келбеті және т. б.).



Бірақ сатушы адамның сырт келбетінен бөлек комплимент айта білуге үйренуі керек!

Бұл қашан да орынды және екі ойлылықты ешқашан туындағы пайды. Мысалға, адамды белгілі бір мәселе бойынша оның хабардар болғаны үшін мақтауға болады.

СОНЫМЕН, КОМПЛИМЕНТ ДЕГЕНИМІЗ –

адам бойындағы белгілі бір ерекшелікті, әсіресе артықшылықты әсірелеп, әсіресе сұқбаттасуышының өзі естігісі келетін артықшылығын басып айту.

Комплименттің кейбір қағидалары

- **Өзіне антикомплимент тұрғысында көрсетілетін комплимент:** “Мені сіздің мұқияттылығыңыз таңдандырады, мен үшін белгіленген кесте бойынша жұмыс жасау өте қыын”.
- **Күлімдеудің күші.** Өңгімелесушінің күлімдеуіне күлімдемеу өте қыын екенін ескеріңіз.
- **Нақты факт – комплименттің негізі,** адам бойындағы жоқ қасиеттің ойдан шығармаңыз.
- **Қысқа, қарапайым, түсінікті.** Ойдың екіштілігіна жол берменіз.

- **Сатып алушының атын сұраңыз.** Адам өзінің атын естігенді ұнатады. Сәйкесінше, сатушы сатып алушыны атымен атағаны аса маңызды. Адамның атын қалай есте сақтаған жән? Оны адаммен танысқан бетте қайталаңыз. Атты есте сақтау үшін ұқсас аттары бар таныстарыңызды есінізге түсіріңіз. Атты егер дауыстап қайталау мүмкін болмаса, ойша қайталаңыз. Атты жаттау үшін өзінізге іштей тапсырма беріңіз. Клиенттің кіммен жұмыс істеп отырғанын білу үшін, өзінізді таныстырыңыз.

“БАСТАМА” КЕЗЕҢІ

Бұл жерде не маңызды?

**Сатып алушының қажеттілігін немесе проблемасын анықтау
жөніндегі бастама. Жеке қалауды анықтау.**


Проблеманы мына жолдар арқылы анықтау: сұрақтар қою, тыңдау.

“Бастама” – бұл сатудың екінші кезеңі. Бастама - сатушы тарапынан клиенттің проблемасын анықтауға, егер олар қалыптасып қалған болса, клиенттің қажеттілігі мен қалауын анықтауға көмек береді. Кейде клиент оны ой елегінен өткізе бермейді. Мәселен, біз бүгінгі өмірімізді ұялы телефонсыз елестете алмаймыз. Ал ұялы телефонның не еkenін білмеген кезімізде бізде ұялы телефонның болғанын қаладық па? Демек, ұялы телефонды жасап шығарушылар тұтынушының қажеттілігіне емес, оның мобильді байланысқа деген қажеттілігіне назар аударды.

Сатушы да дәл осы секілді, сатып алушының қалауын ескеруі керек, бірақ белгіленген шектеуден шығып, қажеттілік тамырына үнілуі тиіс. Осылайша бұл кезең өнім арқылы кли-

енттің проблемасын қалай шешуге болатындығына мүмкіндік береді. Сатушы сұрақтар қояды және оның сатып алушының мәселесін түсініп оның қашшалықты шебер екендігіне байланысты болады.

Сұрақты қоя отырып, берілетін жаупты жобалап білуіміз өте маңызды. Сол себепті, сұрақ қою тактикасы бұл сіздің сату тактикасы болып табылады. Бұл жағдайда, бізге төмендегі кесте көмекке келеді.



	МАҚСАТЫ	МЫСАЛ	НӘТИЖЕ
Ашық сұрақ	Әңгімені бастауға көмектеседі, қатысушылардың білімі, дағдысы, қарым-қатынасы, қажеттіліктері туралы ақпаратты анықтайды.	Сіз қалай ойлайсыз? Пікіріңіз қандай? Қалай? Жайлы сіз небілесіз? Сіз оны қалай жасайсыз?	Клиент өнімге деген қарым-қатынасын, өз қажеттілігін аша отырып, көптеген ақпаратты аша алады.
Болаша сұрақ	Артықшылығын анықтауға мүмкіндік береді, белгілі бір шеңберде ойлауға мүмкіндік береді.	Сіз үшін не маңызды: (...) немесе (...)?	Сұрақтың шарттарына қарай, күткен жауабыңызды аласыз.
Жабық сұрақ	Қысқа жауапты талап етеді. Клиент белгілі бір жайтты растайды немесе жоққа шығарады, нақты жауап береді.	(...) рас па? Қанша? Қашан? Бар ма?	Қысқа жауап алу арқылы түсінуін тексеру, бақылау, нәтижесін есептеу, нақты ақпарат алу.

КЛИЕНТТІ ТЫҢДАУ –

оған сұрақ қою сияқты маңызды процесс. Тыңдаушыға оны тыңдап, оған қызығушылық танытып отырғандығы, өзінің қажеттілігін сезіну аса маңызды.

Сұрақ қою дағдыларын бекітейік.

Белсенді тыңдау әдістері:

- 
- сұрақтар;
 - сүқбаттасуышының сезімінен көрініс;
 - сүқбаттасуышының сезімінен көрініс;
 - өзгеше айту;
 - нақтылау;
 - қайталау;
 - қақпа сөз;
 - жазба жүргізу;

Бізде сатып алушы туралы ақпарат болған кезде, біз оның проблемасын немесе не іздеп жүргенін түсініп, соған сәйкес әрекет ете аламыз. Демек, келесі кезең – реакция.

“РЕАКЦИЯ” КЕЗЕҢІ

Бұл жерде не маңызды?

Кім реакция білдірді немесе не үшін білдірді?

Клиенттің қызығушылығы мен проблемалары туралы ақпаратқа, анықталған қажеттіліктерге.

Өнімнің пайдасы мен артықшылығын ұсыну.

Өнімнің сипаттамаларын нақтылау.

Біз өнімдер мен қызметтердің пайдасы мен сипаттамалары жайлы білеміз. Қазір біз сату барысы кезеңіне келдік. Міне сол кезде артықшылық деп айтып отырғанымыздың бізге көмегін берері анық.

Клиенттің көзқарасы бойынша пайда дегеніміз – “**бұл маган не береді?**” деген сұраққа жауап. Пайда өзінен өзі келмейді, оларды өнімдердің сипаттамасы жасайды. Дегенмен, екі нюанс бар – өзіміз анықтағандай тауардың сипаттамасынан бастау – қате. Сондай-ақ, өнімнің маңыздылығы мен сипаттамасын дұрыс бағаламауда қате болып саналады. Сондай-ақ, бәсекелестік артықшылық деген түсінікті пайдаланған жөн – “біздің ұсынысымыз басқаларға қарағанда несімен артық”. Осылайша, сіз клиентті дұрыс таңдау жасауға итермелейсіз.

Дегенмен, біздің өнімдер, қызметтер мен ұсыныстарымыз және тұтынушыларға ұсынатын артықшылықтарымыз қабылдана бермейді. Клиенттердің күмәндануға немесе өнім мен сатушының берген ақпаратына күдіктенуіне құқығы бар. Өзіңізді сатып алушы ретінде елестетіп көріңізші. Біз сатушының айтқанына немесе ұсынылып отырған өнім жайлы ақпаратқа сене бермейміз ғой.

Сонымен, біз процестің келесі кезеңіне де жеттік – “Акцент”. Біз бұл кезеңді осылай деп атадық.

“АКЦЕНТ” КЕЗЕҢІ

Бұл жерде не маңызды?

Неге назар аудару керек? Клиенттің наразылығын есту.

Наразылыққа жауап беру.

**Өзара түсіністіктің нақтылау және ұсынылған өнімге қатысты
назар аударылуын дұрыс белгілеу.**

Демек, бұл кезеңде клиенттің наразылығын ести алу керек және оған дұрыс әрекет ету керек. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- “**Сіз сату процесінде наразылықтың рөлін қалай бағалайсыз?**”
- “**Наразылықпен жұмыс жүргізу кезінде қандай тактиканы қолданасыз?**”

Наразылық – бұл позитивті фактор. Олар сатушыға клиенттің онымен не себепті келіспейтінін түсінуге мүмкіндік береді. Наразылықтан қорықпау керек. Оларға сатудың кезекті кезеңі ретінде қарауызыз керек.

ЭМПАТИЯ ТАНЫТАЙЫҚ.

Наразылықпен жұмыс жүргізу барысында эмпатия таныту өте маңызды. Эмпатия (гректің *Eμpatheia* деген сөзінен алғынған, мағынасы - өзге адамдардың жан дүниесін түсіну және жай-күйін ұғыну қабілеттілігі). Эмпатия таныта отырып, біз сол адамның пікірімен келіспеуіміз мүмкін, бірақ ол адамның белгілі бір әрекеттерді не себепті жасайтынын немесе белгілі бір пікірді не үшін білдіретінін түсінеміз. Сонымен, тауарға түрлі пікір қалыптасқанда эмпатия бізді клиенттепен бір қатарға қойып, арадағы түсініспеушілікті жоятын болады. Эмпатия таныта отырып, Сіз клиенттің тауар туралы күдігі мен наразылығының не себепті орын алғанын түсінесіз, және клиенттің күдікtenуге құқығы бар екендігімен де келісесіз.






ЕШҚАШАН КЛИЕНТПЕН ДАУЛАСПАЙМЫЗ.

Не үшін клиентпен дауласуға болмайды, себебі дау Сізді тығырықта тірерді. Клиенттің өз пікірін өзгертуге мүмкіндік беру әлдеқайда жақсы. Дауласпацыз және өзініздің пікіріңіздің дұрыс екенін, ал клиенттің бұрыс екенін дәлелдеуге тырыспацыз.

КЛИЕНТТІҢ КҮМӘНДАNUҒА ЖӘНЕ НАРАЗЫЛЫҚ ТАНЫТУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР ЕКЕНИН МОЙЫНДАЙМЫЗ.

Сатып алушының наразылық танытуға құқығы бар екенін және оны толық түсінетіндігінізді көрсетеп, наразылықтың түрін анықтаңыз.



НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ ТҮРІН АНЫҚТАЙМЫЗ.

Наразылықтың түрін анықтағаннан кейін сізге онымен жұмыс жүргізу барысында дәлел табуға оқай болады.

НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ ТҮРІ БҰЛ НЕҢІ БІЛДІРЕДІ?



- 1. Клиент наразылық танытпайды.**
- 2. Клиент өзінің хабардар екендігін көрсетіп, сатушының дәлелін тыңдамайды.**
- 3. Субъективті (барлығы өнімге байланысты). “Қытай тауарларының барлығының сапасы нашар”.**
- 4. Объективті (өнімге қатысты).**
- 5. Шешімді созу мүмкіндігі.**

Бірақ, бұл наразылықтың жоқ екендігін көрсетпейді. Клиент оны не мазалайтынын айтпайынша, әңгімені жалғастырудың маңызы болмайды. Кері байланыс қажет.

Әдетте, сатушы өзінің білімін көрсету үшін күрделі терминологияны пайдаланаады. Клиенттің деңгейіне түсіп, қарапайым тілге көшініз.

Мен Сіздің көзқарасызызды түсінемін, өкінішке орай, нарықта көптеген арзан және сапасыз тауарлар жеткілікті. Менің тауарым шынымен де Қытайдан әкелінген, бірақ сіз рұқсат етсөніз, өндіруші фирма туралы айтайын.

Сатушы клиенттің неге көнілі толмайтынын анықтап, мүмкіндігіне қарай шешімін ұсынады немесе өзге де артықшылықтар есебінен орнын толтырады.

Клиент күмәнданады. Шешімнің дұрыстығын қосымша раставу қажет болуы мүмкін.

НАРАЗЫЛЫҚТЫ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

№1 ӘДІС

Келісе отырып, күмәннің нақты себебін анықтау.

Наразылық үлгісі: “Мен шешім қабылдауға өлі дайын емеспін.”

МЫСАЛ

Клиенттің күмәндану құқығымен келісіңіз, және нақты себебін анықтап, тиісті түрде әрекет етіңіз.

Мысал: “Түсінемін, өз таңдауыңызды жасау үшін Сізге қандай ақпарат керек.”

№2 ӘДІС

“Бумеранг”.

Наразылық үлгісі: “Бұл тауарды не себепті тұтас қаптамада сатасыз?”

МЫСАЛ

Кем тұсын артықшылыққа айналдырыңыз.

Мысал: “Мен Сізді түсінемін, сіз бүгінгіге қажеттіден басқаны сатып алу аса қажет емес дәп білесіз, дегенмен қораптағы тауардың бір данасы бөлшектеп сатып алғаныңызға қарағанда арзанырақ болады. Сапасы да жақсы, бағасынан да үтасыз.”

№3 ӘДІС

Референттік.

Наразылық үлгісі: “Мен үтіктеуді қажет етпейтін төсек жаймасын ешқашан сатып алып көрген емеспін.”

МЫСАЛ

Референттік топтың (үлгі ретінде қарастыруға болатын өзге де клиенттер) әрекеттеріне мысал келтіріңіз.

Мысал: “Мен Сізді жақсы түсінемін, мен де жақсы үтіктелген төсек жаймасына үйреніп қалғанмын. Оған қоса, көптеген көббалалы аналарымыз төсек жаймасының осы үлгісін қолданып, үтіктеуге кететін уақыттың үнемделгендігі үшін маған алғыстарын білдіріп жатады.”

№4 ӘДІС

МЫСАЛ

Өтемақы (жалпы алғанда, клиенттікі дұрыс).

Наразылық үлгісі: "Бұл бояу ұзақ уақыт кебеді..."

Өзге артықшылықтарын айта отырып, кем тұстарынан назарын алшақтатыңыз.

Мысал: "Мен Сізбен келісемін, майлы бояулар өзге бояуларға қарағанда ұзағырақ кебеді. Сөйтіе тұра, олар айтарлықтай арзан. Олардың артықшылығы осында. Сіз үнемделген қаржы есебінен өзініз ұнатқан тұсқағаздарды сатып ала аласыз."

№5 ӘДІС

МЫСАЛ

Алдын алу.

Егер Сіз клиент тарапынан наразылық болатынын күтсөніз, онда клиент наразылықты білдірмей тұрып, оның алдын алып, уақытылы тиісті дәлел табыңыз.

Мысал: "Бұл өнімнің кепіл мерзімі 2 жыл емес, 1 жыл. Дегенмен ешбір клиент оның сынғаны немесе қандай да бір ақауы жайлы шағым білдірген емес."

НАРАЗЫЛЫҚ

барлық жағдайда сату процесінің кезеңдеріне сәйкес келетін хронологиялық тәртіpte келе бермейді. Ол сатып алушымен қарым-қатынаста кез келген сәтте туындауы мүмкін. Ондай жағдай қашан орын алса да, наразылықпен жұмыс жасау тактикасы бұрынғыша қалады.



“ЫҚЫЛАС” КЕЗЕҢІ

Біз “Ықылас” атты келесі кезеңге келдік. Бұл кезенде не маңызды және қандай ықылас туралы сөз қозғалып отыр? Клиент тарапынан тауар сатып алу ықыласынан өзге, көбінесе сатушы да, сатып алушы да біле бермейтін сатып алушының ықыласы болады. Бұл талдаудың дұрыстығын растайды. Сатып алу кезінде біз әрқашан (біз оны сезінеміз бе, жоқ па) өз іс-әрекеттеріміздің дұрыстығын расталғанын қалаймыз. Сатып алатын затымыз қымбатырақ болған сайын, оны растау маңызды бола түседі. Кейде бұл тауар айтарлықтай қымбат болса, ақша шығының ақтау болып табылады. Кейде бұл тауар айтарлықтай күрделі болса (техника, күрделі қызметтер), түрін, пішінін таңдаудың дұрыстығын растау болып табылады. Құнделікті қолданылатын тауарлардың артықшылығын айқындаудың қажеті бола қоймас, дегенмен түзды сатып арудың өзі кейде келесі сөздермен бірге жүргүі мүмкін: “Бұл тұз әдеттегіден гөрі қымбат, өйткені ол йодпен байытылған. Сіз оны сатып алғаныңызға өкінбейсіз, өйткені оны қолдану тұмаудың алдын алады және қалқанша безінің қызметін реттейді”.

“Сіз дұрыс шешім қабылдадыңыз”, “Бұл – Сізге керектінің өзі”, “Сіз өз таңдауыңызға өкінбейсіз” және т. с. с. сөздер сатып алушыға аса қажет бол-

ғандықтан, жылы сөзінізді аямаңыз.

Клиенттің сатып алғысы келген қалауы затты сатып алумен аяқталуы тиіс. Клиенттің өзі ықылас білдіргенін күтпеніз. Мәміленің өзбетінше аяқталғаның ұсыныңыз. Әрине, әңгіме азық-түлік секілді құнделікті пайдалантын тауарлар емес, мейлінше күрделі тауарлар жайында болып отыр...

**ОҢТАЙЛЫ
СӘТТІ
ТАБЫҢЫЗ**

Оңтайлы сәт дегеніміз – клиенттен барлық ақпарат алынып, өнімнің барлық сипаттамалары мен артықшылықтары айталған, наразылық білдірілген және тауар жайлы жағымды дәлелдер келтірілген сәт. Сатушының басқа алып қосары жоқ екенін сезіп, сатып аруды аяқтау керек.

Дұрыс сөздерді табыңыз. Мәмілені аяқтау, сатып алу – бұл сатып алушымен өзара қарым-қатынастың бастамасы. Одан кейін біз сатудың “Қызығушылық таныту” атты кезеңіне өтуіміз керек.

“ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТУ” КЕЗЕҢІ

Бұл жерде не маңызды? Белгілі бір затқа немесе адамға қызығушылық.

Затты сатпағаныңызға қарамастан, клиентке қызығушылық танытыңыз. Сізге бөлген уақыты үшін ризашылық білдіріңіз. Бұл жағдай ескерусіз қалмайды, себебі клиент келесі жолы Сізге тағы сауда жасау үшін келетін болады. Кездесу соңында клиентке жаңа тауардың түскені жайлы, тауар сұрыпталымының кеңеюі немесе белгіленген женілдіктер туралы тегін хабарлама жіберуге үәделесіңіз. Көңіл қүйіңіз кездесken беттегі секілді көтеріңкі қалыпта өзгерусіз қалуға туіс. Сатып алынған тауар туралы ұсыныстарыңызды білдіріңіз.

**Келесі кестеде сату процесі аяқталғаннан кейін
клиентке қызығушылық таныту үлгілері келтірілген**



Тауар сатылды

- Бізге кіргенізге рақмет!
- Сіз дұрыс шешім қабылдадыңыз!
- Сіз өкінбейсіз!
- Сіз біздің тауардың сапалылығына көз жеткізесіз!



Тауар сатылмады

- Бізге кіргенізге рақмет!
- Кіріңіз... Біз таяуда жаңа тауар аламыз, бізде женілдіктер болып тұрады.
- Міне біздің телефон...
- Жаңалықтар болып жатса, мен Сізді тұрақты тұрде хабардар етіп тұрамын.
- Біз үшін Сіздің пікіріңіз аса маңызды!
- ... арқылы байланысуға рұқсат етіңіз.



**Міне біз сатудың барлық кезеңдерін қарастыруды аяқтадық.
Сіздерге табысты сатылым мен жақсы клиенттер тілейміз!**



**КІШІ ЖӘНЕ ШАҒЫН
КӘСІПОРЫНДАРҒА
АРНАЛҒАН
МАРКЕТИНГ**

Бағдарламаның мазмұны

- 1.** Маркетинг деген не? Ол не үшін қажет?
- 2.** “MIX маркетингтің” дәстүрлі элементтері.
- 3.** “MIX маркетингтің” қосымша элементтері.

Бұл тақырыпта біз сіздермен: маркетингтің мәнін және қажеттілігін айқынаймыз; “MIX маркетингтің” барлық элементтерін сипаттаймыз; өзімізге қажетті “MIX маркетинг” жүйесін жасау дағдыларын игереміз.

“Маркетингтің құпиясы, оның адамның белсенділігінің ең көне түрлерінің бірі бола отырып, дегенмен де, бизнес туралы ғылымның ең жаңа бөлімдерінің бірі болып саналатындығында.”

Майкл Баркер.



Біздің оқытуымыздағы парадокс – Сіз бизнесіңіздің алғашқы сәтінен бастап жаһайтын ісінізді үйренетін боласыз. Сіз бұны қалайсыз ба, жоқ па, сезінесіз бе, әлде сезінбейсіз бе, бірақ әрбір кәсіпкерді келесі сұрақтар мазалайды:

- Қандай өнімді немесе қызметтерді өндіру керек?
- Нені сату керек? ● Қалай сату керек? ● Кімге сату керек?
- Қандай жарнаманы пайдалану керек?

Сонымен қатар Сіздің тұтынушызызға және бизнесіңізге бағытталған көптеген басқа да сұрақтар. Адамзаттың тарихында сауда үнемі болған. Ол адамның іс-әрекетінде айырбас деген құбылыс пайда болған сәтте дүниеге келді. Олай болса жоғарыда аталған сұрақтардың жауабы да сауда жасаушыларды әрқашан мазалайтын болған. Ал мазалаған екен, олар өздеріне қолайлыш және сол уақытқа және жағдайларға сәйкес келетін жауаптарды да тапқан. Бұл орайда маркетинг, ғылым ретінде салыстырмалы түрде таяуда, шамамен, өткен ғасыр-

дың басында қалыптасқан. Яғни маркетингтік қызмет өрқашан жүргізілген болса, ал маркетингтік басқару туралы ғылым өте жас. Міне Сіз де, бизнес-қызметпен айналыса отырып, міндегі түрде маркетингтік қызметтерді орындаңыз, бірақ, мүмкін мұны бизнесті басқарудың бөлімі ретінде маркетингтің ережелерін ескере отырып, қалай кәсіби түрде жасауды ойластырып көрмеген боларсыз.

Тақырыпты жағастырmas бұрын, маркетингтің анықтамаларымен танысайық.



“Маркетинг – бұл Сіздің клиентті тарту немесе оны ұстап қалу бойынша кез келген әрекетіңіз.”

Рик Кренделл.



“Маркетинг – бұл Сіздің клиенттеріңіздің проблемаларын өзінізге пайда әкеле отырып шешу.”

Рендел Чэпмен.

Бұл анықтама – қысқа және қарапайым. Анықтаманың қарапайымдылығына қарамастан, ол маркетингтің барлық әрекетінің мәнін дәл көрсетеді. Біз не істесек те, бизнесте қандай әрекеттерді жасасақ та, егер бұл әрекеттер клиенттердің проблемаларын шешуге көмектессе және де бизнесіңіз табыс (пайда) тапса, онда бұл әрекеттер – Сіздің табысты маркетингіңіз деген сөз.



“Маркетинг – бұл түпкілікті нәтижесінің көзқарасы түрғысынан, яғни тұтынушының көзқарасы түрғысынан қаралатын тұтас бизнес.”

П. Друкер.

Бұл анықтамаларда тұтынушының мүдделеріне баса назар аударылатының ес-көріңіз. Яғни, Сіздің бүкіл бизнесіңіз түпкі мақсат – сатып алушыға бағытталған болуы керек.



“Маркетинг – бұл тұтынушылық қажеттіліктер мен қалауды анықтаудың, алдын ала болжаудың және құрудың, және оларды компания мен тұтынушыға үлкен ортақ пайда әкеле отырып қанағаттандыру үшін компанияның барлық ресурстарын ұйымдастырудың үдерісі.”

Берни Гудрич.

“Маркетинг – бұл тұтынушының немесе клиенттік қажеттіліктерін алдын ала болжай және осы қажеттіліктерді қанағаттандыратын тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндірушіден сатып алушыға немесе клиентке бағыттау арқылы ұйымның мақсаттарына жетуге бағытталған іс-әрекеттерді орындау.”

Э. Дж. Маккарти.



Бұл анықтамадағы екпін түсірілген ойға назар аударыңыз. Ол клиенттердің қажеттіліктерін анықтауға және оларды сәйкесінше тауарлар арқылы қанағаттандыруға бағытталған.

Сіздің маркетингтің аталған және аталмаған анықтамаларының кез келгеніне (ал олардың саны көп) артықшылық беруге құқығыныз бар. Бұнда бірыңғай нәрсе жоқ. Сіз тіпті өзініздің жеке анықтамаңызды қалыптастыра аласыз. Маныздысы, сіздің өзініздің сүйікті көсіпкерлік әрекеттеріңіз клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруды мақсат етіп, ал бизнестің меншік иелеріне пайда әкелуі керектігін дұрыс түсінуіңде. Осы екі шартты сақтаған кезде Сіздің маркетингіңіз дұрыс анықтамаға ие болады.

Маркетинг кәсіпкерлерді клиенттердің қажеттіліктеріне жауап беретін керекті өнімді табуына және осы өнімнің сатып алынып және тұтынушыларға қанағаттандыруы үшін қажетті әрекеттерді анықтауға көмектесетін іс-әрекеттерге бағыттайды.

Біз маркетингке анықтама бердік, бірақ бұл өз фирмамыздың маркетинг жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін жеткіліксіз. Енді бізге, өзіміз әділетті түрде маркетингтік әрекеттер деп атаған функциялардың барлығын қалай құрылымдан және өзіміздің маркетингтік жүйемізді жасаудың дағдыларына қол жеткізуге болатынын анықтап алуымыз керек. Маркетингтің барлық функциялары “Маркетинг MIX” деп аталатын жиынтықта жақсы жүйеленген. Оны анықтап алу үшін, келесі тақырыпқа ауысамыз.

“MIX МАРКЕТИНГТІҢ” ДӘСТҮРЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРИ

Төменде келтірілген суретте Сіздер “Маркетинг Микс” (MM) деп аталатын жүйенің 4 дәстүрлі элементтің көресіз. Оны сондай-ақ сөздердің бірінші әріптері бойынша 4 “P” деп те атайды, олар ағылшын тілінде элементтердің атауларына сәйкес келеді: Place (Орын), Product (Өнім), Price (Баға), Promotion (Жылжыту).



“Маркетинг MIX” жүйенің барлық элементтері байланысты, маңыздылығы жоғары немесе тәмен элемент деп бәліп алуға болмайтынын – олардың барлығы да маңызды екендігін білдіреді. “MIX”, яғни элементтерді араластыру немесе біріктіру, маркетингті зерттеушілер солардың көмегімен тауарға деген сұранысқа әсер етіп және клиенттерді барынша қанағатандыруға тырысатын құралдардың жиынтығын білдіреді. Біз жиынтықтың барлық элементтерін қарастырамыз және маркетингтің біздің компанияларымызда атқаруға тиісті міндеттерін алдымызға қоямыз.



ӨНІМ (PRODUCT)

**Өнімнің деңгейлері. Өнімнің сипаттамалары және артықшылығы.
Ал егер өнім – қызмет көрсету болса ше?**

Біз өнімді оның деңгейлерінің, сипаттамаларының және артықшылықтарының көзқарасы түрфысынан қарастырамыз. Сонымен қатар біз осы тақырыпта материалдық өнімдердің материалдық емес өнімдерден айырмашылығы неде екенін және маркетингті зерттеушілер ретінде осы айырмашылықтардан қандай қорытынды шығаруымыз керектігін талқылаймыз. Әзірлеуші тауарды жасаған кезде идеяны үш деңгейде қабылдауы керек.



- Тауардың мақсаты
- Нақты атқарылған тауар
- Қосымша нығайтылған тауар

Бірінші деңгей – тауардың мақсаты. Бұл деңгейде нақты зат немесе қызмет көрсету туралы емес, болашақ тауар қанағаттандыруға тиісті қажеттіліктер туралы сөз болады. Мысалы, косметика адамның сыртқы бейнесін әдемілеуге, бүрғы – тесуге арналған құрал ретінде ойластырылады және т. б.

Екінші деңгей – нақты атқарылған зат немесе қызмет. Бұл деңгейде тауар келесі сипаттамаларға ие болуы керек: қажетті қасиеттерінің жиынтығы, сапасының деңгейі, өзіндік рәсімделуі, таңбалы атауы және ерекше рәсімделуі. Мысалы, ерінге жағатын далап, бүрғылар - бұл нақты атқарылған тауарлар.

Үшінші деңгей – қосымша нығайтылған тауар. Бұл оған қосымша қызметтерімен және тиімділіктерімен бірге ұсынылатын, қосымша нығайтылған тауар. Бұл сатып алушының жеке назарын аудару, тауарды үйге жеткізіп беру, ақшаны қайтарып берудің кепілдігі, жеңілдіктерге арналған шартты тармақтардың жинақталуы, ұтыс ойындарына қатысу және т. б. болуы мүмкін. Тауарды қосымша нығайтудың идеясы нарықтың қатысушыларын клиенттің жалпы тұтыну жүйесіне, сатып алушының тауарды пайдалану арқылы шешпек болған проблемаға қатысты қандай әрекет қолданатынын жіті қарауға итермелейді. Бұндай тәсіл кезінде бәсекелестіктің көзқарасы тұрғысынан өзінің тауар ұсынысын қосымша нығайтудың неғұрлым тиімді әдістерін анықтауға және қолдануға мүмкіндік туады.


Бәсекелестік әдетте қандай деңгейде орын алады? Тауар несімен ерекшеленуі мүмкін? Егер тек Сіз әлдебір бірегей затты өндірмесеңіз, және ешкім бұндай пайданы немесе қызметті ұсынбаса, әдетте екінші және үшіншіде болуы мүмкін. Мысалы, егер Сіз бүгін телепатия арқылы қатынасқа түсуге болатын аппаратты ұсынсаныз, онда бірінші деңгей маңызды болар еді, ейткені Сізден басқа ешкім де бұндай тауарды сатпайды. Бірақ ойды оқы алатын аппараттардың тағы да бір өндірушісі пайда болған сәттен бастап-ақ, Сізге екінші деңгей туралы, ал одан кейін, уақыт өте және бәсекелестік күшіне келе, үшінші деңгей туралы да ойлануға тұра келеді.

**Сонымен, өнімнің бірегейлігі кемі түскен сайын,
үшінші деңгейдегі бәсекелестік те соғұрлым арта туседі.**

Қорытындылайық – тауардың деңгейлерін білу арқылы, біз қай деңгейде бәсекелесуге болатынын және дәл қандай бірегей өнімді ұсына алатынымызды түсінеміз.

Өнімнің сипаттамалары мен артықшылығы. Нені сатып алады?

Сипаттамалары - бұл өнімді сипаттау, ол туралы деректер. Мысалы, үстелдің пішіні тәрт бұрышты, биіктігі 60 см-ден 75 см-ге дейін өзгере алады. Үстелдің үстіңгі тақтайының жиналған қалпындағы өлшемі 60 см x 100 см, жазылған қалпында – 120 см x 100 см. Бұл өзіндік ерекшелігін сипаттау болатын. Ал енді бұл бізге нені береді деген сұраққа жауап берейік?




Тәрт бұрышты пішіні – Сіздің үстеліңіз әрдайым бұрышта тұруы және пәтер дегі орынды үнемдеуі мүмкін – ОРЫНДЫ ҮНЕМДЕУ.

Үстелдің биіктігі өзгеруі мүмкін – Сіздің екі үстеліңіз болады: Сіздің журнал үстеліңіз биіктігін өзгертуken кезде түскі ас ішуге арналған үстелге айналады –



СІЗДІҢ ЕКІ ҮСТЕЛІҢІЗ БАР.



Үстелдің үстіңгі тақтайының жиналған қалпындағы өлшемі 60 см x 100 см, жазылған қалпында – 120 см x 100 см –

**СІЗ ӘРҚАШАН КӨП АДАМ
КҮТЕ АЛАСЫЗ.**

Сипаттамаларын артықшылыққа айналдыру – бұл неғұрлым әсерлі тілге ауысу, бұл: “Бұл маған не береді?” деген сұраққа жауап береді. Адамдар өнімдердің сипаттамаларын емес, артықшылығын сатып алады. Тиісінше, жақсы сатушы өнімді немесе қызметті тұтынудың артықшылығы немесе тиімділігі неде екенін түсіндіріп беруге әрқашан дайын болады. Бірақ, бұл сатып алушыларды сипаттамалары мүлде қызықтырмайды деген сөз емес. Олар сатып алушы өзінің нақты қандай сипаттамалардың есебінен тиімділікке қол жеткізе алатынын білгісі көлетін белгілі бір кезеңде маңызды болады. Сондықтан жақсы сатушы өнімнің

немесе қызметтің сипаттамалары туралы да жақсы хабардар болуы және оларды клиенттер үшін тиімділікке айналдыра білуі керек. Бұдан шығатын қорытынды, біз өнімдердің сипаттамаларын клиенттеріміз үшін тиімділікке айналдыра білуді үйренуіміз керек және бұны сатушыларымызға да үйретуіміз керек.

Тұтынушылар үшін өнімдердің сипаттамалары мен олардың артықшылықтарының (тиімділігінің) арасындағы айырмашылықты түсіне отырып, біз сатып алушымен “тиімділіктердің” тілімен сейлесуге үйренуіміз керек. Сатып алушылар өз тиімділіктерін сатып алады, бірақ тиімділіктер тауардың сипаттамаларынан туындейдьы. Тиісінше өнімдердің сипаттамаларынан жақсы хабардар болу және олардың тұтынушылардың артықшылықтарына айналдыра білу керек.



БАҒА (PRICE)

Енді біз “MIX маркетингтің” келесі элементіне ауысамыз. Келесі “P” – бұл “Price” немесе “Баға”. Баға – өнімнің ажырамайтын құрамдас бөлігі, алайда, біз оны, бірдей тауарлардың бағасы әр түрлі болуының мүмкіндігіне байланысты, оны жеке элемент ретінде бөліп қарастырамыз.

Баға белгілеу әдістері

НАРЫҚТЫҚ

ШЫҒЫНДЫ

- Қабылданатын құндылық
- Бағадағы тоқсауылдар
- Бәсекелестердің бағасы
- Бағалардың ағымдағы деңгейі

- Маржиналдық
- Шығындарға үстеме

Біз Сіздермен баға белгілеудің негізгі әдістерін талқылаймыз: олардың ішінде бағаны есептеудің екі тәсілі – өнімнің өзіндік құнына сүйенеді, ал баға белгілеудің басқа төрт үлгісі нарықтық ортаның факторларына негізделеді.

Баға белгілеудің **нарықтық әдістеріне** қабылданатын құндылықтың әдісі, бағадағы тоқсауылдардың әдісі, бәсекелестердің бағасы және ағымдағы бағалардың әдісі жатады.

Баға белгілеудің **шығынды әдістеріне** өнімнің маржиналдық (шекті) пайдасының әдісі, өндіріс шығындарына үстеме негізі және толық шығындарды есептеу негізі жатады.

Баға белгілеудің шығынды әдістерін пайдалана отырып, компания өнімнің ағымдағы өзіндік құнын бастапқы нұктесі ретінде қабылдайды және оның мәніне байланысты сатудың бағасын белгілейді. Бұндай әдістер тауардың өзіндік құнына әсер ете алмайтын компанияларға: мысалы сауда жасайтын компанияларға немесе шығынды азайтуға болмайтын өндірісті жүргізетін компанияларға лайық.

Нарықтық әдістер, керісінше, нарықтық факторлардың өнімнің құнына әсерін:

тұтынушылардың қабылдауын, іс-әрекет пен сұраныстың қалыптасқан үлгілерін негізге алады. Тауардың құнын нарықтық әдістермен есептеудің бастапқы нүктесі сатудың және пайданың барынша жоғары көлемін қамтамасыз ететін өнімнің мінсіз бағасы болып табылады.


Баға белгілеудің әрбір әдісін дайын есептеу формулаларымен және әдістемелік ұсыныстарымен көрнекі мысалдар арқылы қарастырайық.

Қабылданатын құндылық негізінде баға белгілеу

Қабылданатын құндылық негізінде баға белгілеу тәсілі өнімнің бағасын тұтынушылық қабылдауды маркетингтік зерттеу тұрғысынан құрылады. Тұтынушының тауардың құны бағасының тауар туралы түсінігімен сай келген жағдайда қолайлы деп санайтыны туралы болжамға негізделген. Басқаша айтқанда:

- егер тауардың бағасы тым төмендетілген болса (тұтынушының пікірі бойынша) — тұтынушы сатып алудан бас тартады, өйткені тауардың сапасына құмәндандатын болады;
- егер тауардың бағасы тым жоғары болса (тұтынушының пікірі бойынша) — тұтынушы сатып алудан бастартады, өйткені артық төлегісі келмейді;
- егер тауардың бағасы тұтынушының құны туралы түсінігімен сай келсе — сатып алудың мүмкіндігі барынша жоғары болады.

Алғаш қаралғанда барлығы қарапайым болып көрінеді: бағаны есептеу үшін мақсатты тұтынушыға дайын тауарды көрсетіп және одан көрсетілген өнімнің болжалды бағасы туралы сұрау қажет. Бірақ іс жүзінде, бұндай тәжірибе таза болуы және бұрмаланбаған деректерді алу үшін бірқатар шарттарды сақтау талап етіледі.



Есептеу формуласы

“Қабылданатын құндылық” баға белгілеу әдісі бойынша өнімнің құнын есептеудің формуласы келесі түрде берілген:

$$\text{Өнімнің бағасы} = PV \times k$$

- **Perceived Value (PV) = өнімнің қабылданатын құндылығы;**
- **k – қабылданатын құндылықты түзету коэффициенті (0,9-дан 1-ге дейін).**

Коэффициент не үшін қажет? Қабылданатын құндылық әдісі бойынша өнімнің құнын есептей отырып, тауардың қабылданатын құндылығы мен нақты бағасының арасындағы айырманы сақтауға, басқаша айтқанда тауардың бағасын қабылданатын құндылықтан аздал төмен болатындей етіп (шамамен 5-10%-ға) белгілеуге кеңес беріледі. Бұндай жағдайда сатып алушы тауарды тиімді сатып алдым деп ойлайтын болады.

Әдісті жүзеге асыру

Қабылданатын құндылық әдісі бойынша бағаны белгілеу үшін дайын тауарды сандық зерттеп (ақырғы сипаттамаларымен, орауымен, көлемімен және т. б.), нақты сатып алуудың мысалын дәл көлтіру керек. Зерттеу процесі келесі түрде орындалады:

- **тұтынушыға компанияның дайын тауары бәсекелестерінің қоршауында бағасын қоймай көрсетіледі;**
- **бәсекелес тауарлардың, керісінше, нақты бағасы көрсетілген. Тұтынушыға келесі сұрақ қойлады: оның пікірі бойынша, компанияның тауары қанша тұруы керек? Аталған баға тауардың қабылданатын құндылығы болады.**

Тұтынушының бәсекелес тауарлардың бағасын көргені өте маңызды, өйткені бұл оған компанияның зерттеуге қатысатын жаңа өнімнің бағасын есептеудің нүктесін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Бағадағы тосқауылдардың негізінде баға белгілеу

Тұтынушы баға кластерлерінің (топтарының) негізінде “тауардың қолайлы бағасы” туралы ұғымды қалыптастырады.

◆ Арзан –

базалық сипаттамалардағы үнемді сегменттің сапасы тәмен тауарлары.

◆ Дағдылы –

жаппай өндірістің, таңбасы белгісіз, сапасы жақсы, базалық сипаттамалардағы + аздап жақсартылған тауарлар.

◆ Қымбат –

жоғары сапалы, таңбасы белгілі, импорттық, сипаттамалары жақсартылған тауарлар.

◆ Өте қымбат –

премиум-класты, беделді, мәртебелі, танымал маркалы тауарлар.

Әдіс тұтынушы баға кластерлерінің (тауарлардың топтарының бағалары) негізінде “тауардың қолайлы бағасы” туралы ұғымды қалыптастырады деген болжамға негізделген. Әрбір баға кластері тауарлар бағасының “басынан аяғына” дейін дәлізін білдіреді және тұтынушының пікірі бойынша белгілі бір сипаттамаларға ие. Мақсатты аудиторияның санасында нарықтағы сатып алулар туралы тәжірибелі жинақталуының нәтижесінде баға кластерлері (немесе бағадағы тосқауылдар) туралы ұғым қалыптасады.

Баға кластерлерін қалыптастыру тұтынушының саны аса мол тауарларды “арзан”, “дағдылы”, “қымбат” және “өте қымбат” дәп бөлуінің қажеттігіне байланысты туған, бұл керекті өнімді таңдауға кететін уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Әмбебап баға кластерлері жок, олар әр нарық үшін ерекшеленеді және сандық тұтынушылық зерттеудің барысында анықталуы мүмкін.



Баға белгілеудің сипатталған тәсілінің көмегімен бағаларды есептей үшін бірінші кезекте тұтынушылардың бағадағы тоқауылдарды қабылдау түрғысынан зерттеу жүргізу қажет болады. Зерттеудің шенберінде әр кластердің бедел-бейnelік сипаттамаларын анықтап және өзірленген тауар өзінің ақырғы сипаттамаларымен және дизайнымен бірге қай бағалық сегментке жататынын анықтау керек.



Бәсекелестерге қатысты баға белгілеу

Компания бағаны бәсекелес өнімдердің құнын бағдарға ала отырып баға белгілеу әдісі. Басқаша айтқанда компания өзінің бәсекелестеріне қатысты баға жайғасымының қағидаттарын белгілеп және өнімнің бағасын есептеген кезде оларды басшылықта алады. Бұл жағдайда өнімнің өзіндік құны екінші орында және өнімнің мақсатты бағасына байланысты болады. Баға жайғасымының қағидаттары келесі түрде болуы мүмкін:

- тауардың бағасы А бәсекелеске қарағанда X %-ға жоғары;
- Б бәсекелеске қарағанда X%-ға төмен;
- тауардың бағасы С бәсекелеске қарағанда әрқашан X теңгеге төмен.

Бағалардың ағымдағы деңгейі негізінде баға белгілеу

Баға белгілеудің бұл нарықтық өдісі біртекті тауарлардың нарығында бағаларды белгілеу үшін пайдаланылады. Бұндай нарықта тауардағы айырмашылық барынша аз немесе тұтынушы тауарды оның базалық сипаттамалары үшін ғана сатып алады және қосымша функциялары немесе шарттары үшін артық төлеуге дағын емес. Сәйкесінше, тұтынушы бағасы ең тәмен тауарды таңдайды (мысалы, сіріңке, тіс ысқыш, полиэтилен пакеттері және т.б.).

Бағалардың ағымдағы деңгейі өдісі бойынша бағаларды белгілеу тауар үшін нарықтағы басым бағаның тағайындалуына негізделген. Егер нарықтағы бағалардың арасындағы айырма онша жоғары болмаса — орташа арифметикалық мәні алынады.

Маржиналдық пайда негізінде баға белгілеу

Баға белгілеудің шығынды өдістеріне ауысайық. Бірінші өдіс залалсыздық нүктесі тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Ол тауарды өндіруге жұмсалған шығындарды жабуға мүмкіндік беретін бағаның деңгейін белгілеуге негізделген. Осылайша, бағаны анықтаудың бастапқы нүктесі тауарды сатудан тұсken пайданың мақсатты көрсеткіші болып табылады.

Тауардың бағасын есептеуге арналған пайда бойынша мақсатты көрсеткіштің тұжырымдамасының үлгісі

Жаңа өнімді сатудан тұсken жалпы пайда компанияның шығындарынан N%-ға жоғары немесе тең болуы керек. Сипатталған тәсілмен бағаны есептеп шығару үшін 3 көрсеткішті анықтау қажет: тауардың 1 бірлігін өндірудің ауыспалы шығындары; компания шығуды жоспарлаған тауарды сатудың мақсатты көлемі; компанияның сатулардың белгіленген көлемін жүргізген кездегі тұрақты шығындары.

Барлық бастапқы деректер анықталған кезде, өнімді өткізу дің ең тәменгі бағасын (сатулардың залалсыздық нүктесіне тең) есептеп шығаруға болады. Есептеулердің барысында алғанған ең тәменгі баға өнімнің құнының тәменгі шегі болып табылады, одан тәмен қарай тауарлардың барлық сатылымдары шығын әкелетін болады.

Осындағаны алғаннан кейін осындағы құнның бәсекеге қабілетін талдауды жүргізген дұрыс, ол үшін бірнеше тәсілді пайдалануға болады:

- **ең тәменгі бағаны тауардың қабылданатын бағасымен салыстыру;**
- **ең тәменгі бағаны бәсекелестердің тауарларымен салыстыру;**
- **сұраныстың нарықтық көлемін ең тәменгі баға бойынша бағалау.**

Жүргізілген талдаудың нәтижесінде, компания өнімді осы ең тәменгі баға бойынша сата ала ма, жоқ па – түсінікті болады. Оқиға дамуының З нұсқасы болуы мүмкін.

1.

Ең тәменгі баға — бәсекеге қабілеттікің шегі болып табылады, ең тәменгі бағадан жоғары кез келген баға сатып алудан бас тартуға алып келеді. Бұндай жағдайда өткізу бағасы ең тәменгі бағаға тең болады.


2.

Тауар ең тәменгі бағадан асатын баға бойынша сұранысқа ие болады. Бұндай жағдайда өткізу бағасы ең тәменгі бағадан жоғары болады.

3.

Тауар тек ең тәменгі бағадан тәмен баға бойынша сұранысқа ие болады. Бұндай жағдайда компания тауардың өзіндік құнын тәмендетудің жолдарын іздеуі керек.

Яғни, бұл баға тек шығындарды ғана жабады! ол меншік иесіне пайда әкелмейді. егер бағаға үстеме қосудың мүмкіндігі болса – қосамыз және тек үстеме ғана пайда әкеледі.



Есептеу үлгісі

Өнім туралы бастапқы ақпарат

- Өнімнің 1 бірлігінің аудиспалы өзіндік құны = **250** теңге.
 - Бизнестің ай сайынғы шығындары = **500 000** теңге.
 - Бәсекеге қабілетті баға жағдайындағы сатулардың мақсатты көлемі = **10 000** дана.
- Бар ақпараттың негізінде компанияның барлық шығындарының орнын толтыратын өнімнің бағасының ең төменгі деңгейін анықтаңыз.

Шешім

- Компанияның тауарды өндірген кездегі шығындарының жалпы көлемін есептеп шығарамыз:

Тұрақты шығындар + Аудиспалы шығындар × Мақсатты көлемі

$$500\,000 + 250 \times 10\,000 = 3\,000\,000 \text{ теңге}$$

- Бизнестің шығындарын жабу үшін өнімнің бірлігінің ең төменгі пайдасы тең болуы керек:

Ай сайынғы шығындар : Сатулардың мақсатты көлемі данамен

$$3\,000\,000 : 10\,000 = 300 \text{ теңге}$$

- Осылайша, өнімнің бағасы 300 теңге болса, бизнес залалсыз болады.

-
- Келесі өрекет арқылы біз тауардың алынған ең төменгі құнының бәсекеге қабілеттігін бағалауымыз керек. Өнімнің қабылданатын құндылығын бағалау бойынша зерттеу нәтижесінде тұтынушы тауарды 550 теңгеге сатып алуға дайын екенін анықтадық. Алынған ақпараттың негізінде біз өнімнің құнын батыл түрде 495 теңге деңгейінде белгілей аламыз (қабылданатын құнынан 10%-ға төмен).

Шығындарға үстеме негізінде баға белгілеу

Бұл әдіс тауардың 1 бірлігін сату арқылы алуды жоспарлаған пайданың тиянақталған пайызын белгілеуге негізделген. Басқаша айтқанда, бұл әдіске сай тауарды немесе қызметті өткізуіндегі бағасы ауыспалы шығындардың бар деңгейінде пайдалылықтың тиянақталған деңгейін алуды қамтамасыз етуі керек.

Тауар пайдалылығының нормасы төмендегі параметрлерді ескере отырып анықталады

ӨНІМНІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР	ТҮСІНІКТЕМЕ
Бизнестің амбициялары	Бизнестің иесі өнімнің бірегейлігіне байланысты өз өнімдерінің маржиналдығының қажетті деңгейін өзі белгілеуге құқылды.
Орташа-нарықтық нормалар	Уақыт өтеп келе жоғары бәсекелесті нарықта барлық ойыншылардың пайдалылығының нормалары, соның деңгейінде пайда мен сатулардың деңгейінің теңгеріміне қол жеткізілеттің орташа мәнге келеді.
Тауардың айналымдылығы	Пайдалылықтың неғұрлым төмен деңгейі әдетте айналымдылығы жоғары тауарларға, пайдалылықтың неғұрлым жоғары деңгейі – айналымдылығы төмен, тұтынушылық сатып алу кезеңі ұзақ тауарларға белгіленеді.
Тәуекелдер мен шығындар пайызының болуы	Болжалды шығындар жоғары болған кезде болжалды шығындарды жабатын пайданың неғұрлым жоғары нормасын жоспарлаған дұрыс.

Бағаны есептеудің тағы бір мысалын қарастырайық

- ▶ Компанияның тауардың 1 бірлігін өндірген кездегі ауыспалы шығындарын анықтау.
- ▶ Өнімнің пайдалылығының мақсатты нормасын белгілеу.
- ▶ Пайда бойынша белгіленген мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін өнімнің бағасын есептеп шығару:
 - Тауардың бағасы = Өзіндік құн : (1-Пайдалылық), мұнда;
 - Тауардың бағасы – Өнімнің 1 бірлігін сатудың бағасы;
 - Өзіндік құн – Өнімнің 1 бірлігін өндірудің өзіндік құны;
 - Пайдалылық – өнімнің 1 бірлігінің бағасынан түскен пайданың пайызы.
- ▶ Алынған құнды бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан бағалап, қажет болған жағдайда, өнімнің бағасын түзету.


Өнім туралы бастапқы ақпарат

- Өнімнің 1 бірлігінің ауыспалы өзіндік құны = **250 теңге**.
- Өнімнің пайдалылығының мақсатты нормасы = **20%**
- ▶ Бар ақпараттың негізінде пайдалылықтың белгіленген деңгейін қамтамасыз ететін өнімнің бағасын анықтаңыз.

Шешім

Баға = Өзіндік құн : (1-Пайдалылық)

$$250 : (1-0,2) = \textcolor{red}{312,5 \text{ теңге}}$$



Біз баға белгілеу әдістері туралы айттық, ал қазір бізге нарыққа жаңа өнімдерді шығару үшін қандай стратегияларды қолдануға болатынын анықтау қажет.

СТРАТЕГИЯ	СИПАТТАМАСЫ
Төмен баға	Төмен бағалар, жылжыту шығындары барынша аз.
Нарыққа шығару	Нарықтың бір бөлігін жаулап алу мақсатымен өнімді енгізу үшін жасанды төмен бағалар, олар уақыт ете келе жоғарылайды.
“Қаймағын алу”	Уақытша бәсекелес артықшылықтың есебінен барынша көп пайда алу үшін жоғары баға.
Премиум баға	Бәсекелес артықшылығын сақтайтын, айрыша тауарға жоғары баға.
Психологиялық баға	249, 990
Азық-түлік жинағы	Желідегі (орамадағы) жекелеген өнімдердің бағасы жасырынған. Қатар сатып аlyнатын бірнеше өнімнің бағасы ұсынылған.

● **Төмен баға стратегиясы** тауар айрықша тауар болып табылмайтын, компанияның тауарды жылжытуға бюджеті болмаған кезде қолданылады. Ол көбіне қажетте емес, өйткені тауар сатып алушыға белгілі. Төмен бағалар за- лалды бағалар дегенді білдірмейді. Міне осы үшін де біз залалсыздық нүктесінің негізінде баға белгілеу әдісі туралы айттық. Яғни, Сіз әдістер мен стратегияларды қыстырыуыңыз керек.

Мысал: базалық тауарлар (химия, кәдімгі косметика, күнделікті азық-түлік).

- **Нарыққа шығару стратегиясы** біз нарықтың бір бөлігін жаулап алғымыз келген кезде қолданылады. Бағалар компания нарықтың бір бөлігін жаулап алғаннан кейін көтеру мақсатымен жасанды түрде төмендетілген. Бұл стратегия кезінде бағалар тіпті залалсыздық нүктесінен де төмен болуы мүмкін. Компания бұл қадамға алдағы уақытта өзінің шығындарының орнын толтыру немесе алынбаған табысты басқа өнімдердің (премиум класты танымал өнімдердің) есебінен алу мақсатында баруы мүмкін.

Мысал: жаңа дәмхана болашақта бағаны көтеру мақсатымен төмен бағаларды ұсынады, сатып алушыны “үйретуге” тиістауар.
- **“Қаймағын алу” стратегиясы** уақытша бәсекелес артықшылықтың есебінен барынша көп пайдада алу үшін қолданылады. Бұл әддете жаңа, танымал, экзотикалық, сирек, айрықша тауар. Компания бұндай жағдайда үзакқа созылмайтынын біледі және нарық осындағы тауарға толғанша, алғашқы сатулардан “қаймағын алады”.
- **Мысал:** техника, компьютерлердің, телефондардың, балалар ойыншықтарының жаңа үлгілері.
- **Премиум баға стратегиясы** айрықша, жоғары сапалы өнімнің жоғары бағасы компанияның болжамы бойынша ұзақ уақыт сақталатын кезде қолданылады. Бұл нарықта танымал бренд компаниялардың (бренд – “жолға қойылған”, көпке, тіпті оның сатып алушысы болып табылмайтындарға да танымал сауда маркасы немесе өнім) тауарлары.
- **Психологиялық баға стратегиясы.** “Тоқсан тоғыз” тиын барлығына белгілі, сондай-ақ жақсы және үнемі орындалатын айла.
- **Азық-түлік жинағы стратегиясы.** Сатып алушы бір пакетке оралған бірнеше тауарды сатып алады. Бағасы пакет үшін ұсынылған. Көбіне онша танымал өмес тауарды сату қажет болған кезде пайдаланылады. Оның құны жинақтағы басқа өнімдердің бағасы есебінен өтеледі.



САТУ ОРНЫ (PLACE)

“MIX маркетингте” дәстүрлі түрде орын ретінде тауарларды сататын орын және тауарлардың дистрибуциясының арналары түсіндіріледі. Орын өнімді дұрыс орында, дұрыс уақытта және қажетті мөлшерде ұсынудың мүмкіндігін сипаттайтын. “Орын” элементін, ауыспалы ұғымын жиынтық түрде (бірнеше ауыспалылар) ретінде қабылдау қажет: “Орналасу”, “Логистика”, “Тауар қозғалысының арнасы”, “Нарықтық орнын толтыру”, “Сервистің деңгейі”, “Инновациялық мүмкіндіктер, мысалы Интернет”. Сатудың орны өнімнің мақсатты нарық үшін қол жетімділігін қамтамасыз етеді және компанияның тауары нарықта қажетті орнында, тұтынушы оны көріп және сатып ала алатын жерде, мақсатты тұтынушыда оны сатып алуға деген қажеттілік туындастырып уақытта болуы көректігін білдіреді.

СІЗ БАЙҚАДЫҢЫЗ БА?

Біз “мақсатты тұтынушы” деген терминді қолдандақы. Тиісінше, “MIX маркетингте” Орынға қатысты дәстүрлі сұрақтарға жауап берместен бұрын, біз кімге сататынымызды, біздің тұтынушыларымыз бен сатып алушыларымыз кім екенін, олар қайда, соны анықтап алуымыз керек. Сондықтан біз оларды біздің “MIX маркетингтің” үшінші элементі – Орынға қосамыз.

Сонымен Сату орнына қатысты үш тармақты назарда ұстайық:

- нарық (Кім үшін? Қайда?);
- мерчандайзинг – тауарлардың орналасуы туралы ғылым;
- дистрибуция арналары, түрлері және шарттары.

Сіз өз тауарыңызды кімге сатасыз? Өз клиенттеріңізді сипаттап көріңіз. Барлық клиенттер бірдей болмауы мүмкін. Барлығы өнімді біркелкі таңдамайды. Барлығының сапаға, тауарға қатысты қоятын талаптары бірдей емес.



“Барлығына барлық нәрсөні” сатуға болмайды. Тұтынушыларды ұсынылатын тауарларға және жарнамаға, сатып алуарды ынталандыруға бірдей жауап қайтаруымен сипатталатын саралау немесе топқа бөлу; тұтынушылардың қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге, олардың шын мәнінде кім болып табылағындарын (олардың жеке тұлғалық мінез-құлқын, нарықтағы іс-әрекетінің сипаттамасын және т.б.), яғни, ұсынысқа қалай жауап қайтаратынын жақсы түсінуге; нақты бір нарықтағы бәсекелестікті дұрыс түсінуге; өз ресурстарын барынша тиімді шоғырландыруға және пайдалануға (мысал: егер жарнамаға ақша жұмсайтын болсақ, онда оның тұра біздің клиенттерімізге әсер ететінін білеміз) мүмкіндік береді.

Клиенттерді саралаудың ондаған әр түрлі тәсілдерін пайдалануға болады. Маныздысы, Сіздің саралаудың (бөлудің) негізінде нені пайдаланатындығында. Тәменде саралаудың базалық және кең таралған түрлері көлтірілген, оның негізінде мыналар жатыр:

● демографиялық белгілер

немесе әлеуметтік-демографиялық (жынысы, жасы, білімі, әлеуметтік жағдайы, материалдық деңгейі) белгілер. Сондай-ақ, сегменттегі адамдардың санын санау жөніл болады;

● клиенттердің психографиялық белінүйі.



Әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша саралауды түсіну үшін, әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша саралау мысалының кестесімен танысайық.



БЕЛГІСІ	МЫСАЛДАР
Жынысы	Әйелдер немесе ерлер.
Жасы	Балалар, жасөспірімдер, ересек тұрғындар, зейнеткерлер.
Табыс деңгейі	Табыс деңгейі жоғары, орташа немесе төмен немесе табысының дәл шекаралары сипатталған тұтынушылар: 60 мың тг.-тан кем, 60-100 мың тг., 100-200 мың тг.
Балаларының болуы, жасы және саны	Балалары бар, балалары жоқ; жаңа туған сәбіller, 1,5 жастан 3 жасқа дейінгі балалар, 3-7 жастағы балалар, жасөспірімдер және т. б.; бір бала, 2 бала, 3 және одан да көп бала.
Қызмет түрі	Ақыл-ой еңбегі немесе техникалық мамандықтар; бизнестің меншік иелері, бизнестің тағайындалған басқарушылары, орта буын басшылары, кеңсе қызметкерлері; зейнеткерлер, студенттер, үй шаруасындағы әйелдер және т. б.
Білімі	Жоғары, орта, арнайы-орта, білімі жоқ; тілдерді білуі және т. б.
Жұмыс саласы	Құрылыш; білім беру; тамақтандыру; жеке сауда; денсаулық сақтау және т. б.
Маңызды оқиғалар	Туған күндер, оқу орнын бітіру, мерейтойлар, ұлттық мерекелер, спорттық шарапалар.

Нарықты психографиялық белгілері бойынша саралау

Бұл нарықтың барлық сатып алушыларын: құндылығы, сенімі, тауарды сатып алуға деген ынталанысы және жеке тұлғаның бейнесі сияқты өлшемдері бойынша біртекті топтарға бөлу процесі.

Нарықты психографиялық саралаудың теориясы салыстырмалы түрде жақын үақытта пайда болған, бірақ қазірдің өзінде маркетингтің саласында өзін мөйындатып үлгерді, өйткені ол әр түрлі тұтынушылардың тауарды сатып алуының себебін ең жақсы тәсілмен ұфындыра білуге қабілетті. Нарықты саралаудың психографиялық қағидаты жеке тұлғаның бейнесін және сатып алушының нарықтағы ынталануын сипаттап беруге қабілетті саралау өлшемдеріне негізделген.

Түсінікті болуы үшін мысал келтіреміз. Психографиялық сипаттамалар: барлық жаңа нәрселерге әуестер – жаңашылдар; барлық жаңа нәрсені ұнатпайтын, өзінің әдеттерін өзөң өзгертертін адамдар – үнемдеуге немесе белгілі бір бедел-бейнеге ұмтылатын ескішілдер. Тәменде келтірілген кестемен танысыңыздар.



ӨЛШЕМДЕР	МЫСАЛЫ
Тұтынушының түрмис салты	Қарқынды, ырғақты, ауылдық, қалалық.
Тұтынушының инновацияларға көзқарасы	Жаңашылдар, ескішілдер, дәстүршілдер.
Өзін “Мен” түрғысынан қабылдауы	Өзін құрбан ретінде сезінуі — қандай да бір жағдайға әсер етуге қабілетсіздік; өзін жетекші сезінуі — дүниені немесе істің мәнжайын өзгертуге қабілеттілік; өзін “мен басқалар сияқтымын” деп сезіну; өзін “мен басқалардан артықын” деп сезіну.
Тұтынушы кімді пір тұтады?	Құрбылары, танымал тұлғалар, құрбы қыздары және достары, ата-анасы.
Сатып алуға деген ішкі ынталысы	Өз ойын білдіруге деген талпыныс, мұратына қол жеткізуға деген талпыныс, өзін мойында-туға деген талпыныс.
Жергілікті өндірушіге көзқарасы	Оң, теріс, импортқа ұмтылу.
Өмірлік ұстанымы	Белсенді, он, байсалды, риза, енжар, агрес-сияышыл.
Құндылықтар	Денсаулық, отбасы және балалары, үйі және жайлалық, жақындары, қарым-қатынас, өз ойын іске асыру, материалдық әл-ауқат, рухани даму, көніл көтеру, тұрақтылық, еркіндік, қоғамдағы орны.

Психографиялық саралаудың барысында қалыптасқан сараланымдарды сандық түрғыда өлшеу және бағалау қын, сондықтан нарықты сипаттаудың бұл түрін көбіне әлеуметтік-демографиялық саралаумен бірге пайдаланады.

Саралаудың біз айтып өткен өлшемдерінен басқа, тағы да бір маңызды өлшемі бар - өнімді кім тұтынады: сатып алатын тұлғаның өзі ме, әлде басқа біреу ме? Сатып алушылар әрқашан тұтынушы бола бермейді. Мысалы – балалардың та- мағын ата-аналар (көбіне аналары) сатып алады, ал тұтынатын балалар. Жануарларға арналған тамақты, олардың керек-жарақтарын (ойыншықтар, қарғыбаулар, киімдер) иелері сатып алады (қандай? ересек адамдар, балалар, жас әйелдер және т.б.), ал жануарлар тұтынады. Мектептің керек-жарақтарын ата-аналар (көбіне аналары) сатып алады, ал пайдаланатын балалары. Құрылыш материалдарын жөндеуді жүргізетін, құрылыш салатын адамдар сатып алады, ал құрылышылар пайдаланады және керісінше. Сыйлықтарды бір адам сатып алады, ал басқалары пайдаланады. Мейрамханада атап өтілетін мейрамдардың (тойлар, мерейтойлар) ақысын бір адамдар төлейді, ал әр түрлі адамдар тұтынады. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады? Біз маркетинг зерттеушілер ретінде осыған байланысты нені ескеруіміз керек?

БІЗ САТЫП АЛУШЫ МЕН ТҰТЫНУШЫ БІР АДАМ БА,

осыны әрқашан есте ұстауымыз керек. Егер - жоқ болса, онда жарнаманың және ынталандырудың көмегімен кімге әсер ету керектігі туралы шешімді қабылдау қажет.

КЛИЕНТТЕРДІ СЕГМЕНТТЕРГЕ БӨЛУ

тауарды жылжытудың дұрысырақ деп есептелген арналары бойынша өнімдерді таңдау, олардың артықшылықтары, бағаны таңдау, сатудан кейінгі қызмет көрсету (егер қажет болса) және т. б. жөніндегі көптеген сұрақтарға жауап береді.

Біз бұл кестелерге әлі оралатын боламыз, және Сіз сегменттерді білу Сізге болашақта маңызды маркетингтік шешімдерді қабылдауға көмектесетінін көресіз.

Сатып алу психологиясы ұғымына на-
зар аударайық. Көп жағдайда сатып
алушылар бір затты жоспарламай
сатып алады – сатып алушы тауарды
көріп, оның қажет екенін есіне ала-
ды. Албырттықпен сатып алу жағ-
дайлары кездеседі – сатып алушы
тауарды кенеттен, көбіне байыппен
ойламай, сезімнің жетегінде сатып
алады. Оның таңдауына бірнеше
факторлар – баға, қажетсіну және
т.б. әсер етуі мүмкін.

Кенеттен сатып алуға не жетелейді?
Көбіне тауарлардың қатар орналасуы (нан мен джем). Сатып алушыға
нан сатып алу қажет, оның қатарын-
да джем салынған банкілер түрган
сөрелерді көреді. Бір бөлке нанға қо-
сып джемді кенеттен сатып алу жағ-
дайы орын алады.

Сатушының сатып алуға қосымша та-
ғы бір зат алуды ұсынуы (туфли,
сөмке, шүлгүк; плащ және қолшашы-
тыр). Мысалы, Сіз өзінізге сырт
киімдердің бірін, айтальық, пальто са-
тып аласыз. Сатуши Сізге осы паль-
тоға түсі сай келетін етік және қолғап
сатып алуға кеңес береді. Жағымды
сезім (“ерекше ұсыныс”, супер-
женілдік, бірегей сәт). Сатып алушы
сатып алған тауары үшін кассаға ба-
рып есеп айырысады, сөйтсе ол
дүкеннің 1 000 000-шы сатып алу-
шысы екен! Оған ерекше ұсыныс жа-
салды – барлық тауарларға супер
женілдік. Акциялар, женілдіктер
(2-үі 1-дің бағасында; 1 бірлікті са-
тып алған кезде, екіншісі 50% бағасына). Сіз бірдене сатып аласыз
және сол сәтте сатуши Сізге қуа-
нышты жаңалықты хабарлайды – та-
ғы да бір затты сатып алсаңыз,
үшіншісін Сіз мүлде тегін аласыз!



Сатып алудың кейбір психологиялық сәттерін қарастырайық.

АДАМ ДҮКЕНДЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ КӨП УАҚЫТ БОЛСА –

сатып алу мүмкіндігі соншалықты артады. Әдette адамдар, егер соңғы минутқа дейін “созса” көп ақша жұмсайды.



- Аптасына бір рет сатып алу – кенеттен сатып алулардың 66%-ы.
- Аптасына екі рет сатып алу – кенеттен сатып алулардың 57% мүмкіндігі.
- Екеулең, үшеулең шоппинг – кенеттен сатып алулардың мүмкіндігі жоғары.

Мерчандайзинг – тауарлардың орналасуы туралы ғылым

Тауарлардың дүкенде қалай орналасқаны үлкен маңызға ие. Маркетингте арнайы бөлім – мерчандайзинг (ағылшын. merchandising) – дүкенде тауарды сатудың әдістемесін анықтайтын маркетинг процесінің бір бөлігі пайда болды. Мерчандайзинг бөлшек сауда жасайтын дүкенде сатылатын тауарлардың жиынтығын, тауарларды орналастырудың тәсілдерін, оларды жарнамалық материалдармен, бағамен жабдықтаудың тәсілдерін анықтауда арналған.

Мерчандайзингтің негізгі ережелері

- Тауар жинағын шоғырландыру.
- Біртұтастық.
- Түрі және орналасуы.
- Блоктар құру.
- Көзбен шолған кездегі оңтайлы ұзындығы.
- Ең жақсы орналасуы.
- Сатылу жылдамдығы жоғары тауарлар үшін сәйкесінше орналастыру.
- Көз деңгейі және қозғалыс еркіндігі.
- Толық сөрелер.
- Айқын сәйкестендірілген бағалар.

Тауарларды дүкенде орналастырудың белгілі бір ережелері бар. Олар ең алдымен тауарды психологиялық қабылдаудың ережелерімен анықталады.

ТАУАР ЖИНАҒЫН ШОҒЫРЛАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Тауар жинағын қалай болса солай орналастырыңыз, оны бір біріне қарама-қарсы орналастырыңыз.



БІРТҰТАСТЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Бір тауар тобындағы тауар залдың әр жерінде орналаспауы керек.

“ТҮРІ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ” ЕРЕЖЕСІ

Тауарлар категориясының шекарасы нақты белгіленген болуы керек. Тауарды қатаң жинағы бойынша, бір бірімен араластырмай, сөрелердегі шектелген кеңістікті барынша пайдалана отырып орналастыру бүкіл жүйенің тұтастығы және мызғымайтын беріктігі жөнінде әсер қалдырып және сатып алушыға күшті психологиялық әсер етеді. Азық-түлік тауарлары мен азық-түлікке жатпайтын тауарларды араластырып, қалай болса солай орналастыруға жол берменіз.

БЛОКТАР ҚҰРУ ЕРЕЖЕСІ

Бір тауар категориясына жататын бір сауда белгісіндегі барлық өнім бәсекелестердің тауарынан ажырамай біртұтас блок болып орналасуы керек. Және де көлденең орналасқан блокқа қарағанда тігінен орналасқан блоктар жақсы.



КӨЗБЕН ШОЛҒАН КЕЗДЕГІ ОҢТАЙЛЫ ҰЗЫНДЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Стеллаждың сөресінде 40 см-ден аз орынды алатын орналасу (фейсинг) тиімсіз екені белгілі. Егер фейсинг тым ұзын болса, сатып алушының назары нашарлайды. Кез келген тауардың негізгі сөреде осы тауардың жалпы сатулардағы үлесіне байланысты фейсингке үміткер бола алатынын есте сақтау керек (егер үлес — 30% болса, онда фейсинг те сөрелердің жиынтық ұзындығының 30%-ын құрауы керек).

ЕҢ ЖАҚСЫ ОРНАЛАСУ ЕРЕЖЕСІ

Әлбетте, тауарлардың әрбір категориясы үшін орналастыруға қоюйлатын өзіндік ерекше талаптары болатыны белгілі (мысалы, "Tefal" табаларын сатып алушыға түбімен қаратып ілу керек, өйткені осы жағымен ғана әр түрлі үлгілердің арасындағы технологиялық айырмашылығы айқын байқалады). Йогурттардың қантамасы үстінен қарағанда көзге түседі, сондықтан оларды стеллаждардың төменгі сөрелеріне орналастырған дұрыс (балаларға арналған өнім де сол жерге орналасуы керек).

САТЫЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ЖОҒАРЫ (немесе қазіргі сәтте жарнамаланатын) ТАУАРЛАРДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

баяу өтетін тауарларға қарағанда үлкен алаңды иеленуі керек. Ең маңыздысы, ешбір жағдайда жоғарыда көрсетілген тауарларды қатар орналастыруға болмайды, өйткені олар бір бірінен сатудың көлемін “алып қояды”. Жарнамаланатын тауарлар көрнекі орында болуы керек. Аяқ астынан сұранысқа ие болатын тауарлар олардың және сұранысы жоғары тауарлардың маңайына орналасады.

КӨЗДІҢ ДЕНГЕЙІНДЕ САТЫП АЛУ ЕРЕЖЕСІ

Әлбетте, сатып алушының көзінің деңгейінде немесе қолының деңгейінде орналасқан тауар сөрелері ең сәтті орналасқан сөрелер (*eye level is buy level* — көздің деңгейіндегі сатып алу). Француздық зерттеушілердің деректері бойынша тауарды еденнің деңгейінен көздің деңгейінде орнын ауыстырып қойған кезде сату 78%-ға артқан. Ал қолдың деңгейінен көздің деңгейіне ауыстырғанда — 63%-ға артқан. Бұдан өзге дүкеннің және тауардың өзінің түріне байланысты тауарды сөренің ортасына не шетіне орналастыру тиімді болып саналады. Бұл орайда, адамның назары, оқыған кездегі сияқты, солдан оңға қарай жәнежоғарыдан төмен қарай оңай ауысатынын есте сақтаған маңызды, тиісінше, көлемі үлкен, бағасы, өзінен-өзі, негұрлым тиімді өнім көлемі шағын сондай өнімнің оң жағына орналасуы керек. Ең төменгі сөрелерде, әдетте, саналы түрде сатып алынатын тауарлар, мысалы кір жуғыш ұнтақ салынған көлемі үлкен пакеттер орналасуы керек. Сатып алушы, осы бір ерекше тауарды қайdan іздеуге болатынын біліп, оны табады да, еңкеюге ерінбейді.

САТЫП АЛУШЫНЫң ЕРКІН ҚОЗҒАЛУ ЕРЕЖЕСІ

Сатып алушы тауарды еркін алғып және оны, әлденинің түсіріп алудан қорықпай, өз орнына еркін қою мүмкіндігіне ие болуы керек. Тұра сондықтан әдемі үлкен горканы (шкаф) жасауға күш жұмсаудың қажеті жоқ.



ТОЛЫҚ СӨРЕЛЕР ЕРЕЖЕСІ

Сауда жасайтын залда еш жерде бос сөрелер болмауы керек.



БАҒАЛАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЕРЕЖЕСІ

Сатып алушы өзіне ұсынылатын тауарды айқын сәйкестендірудің және оның бағасын бірден анықтаудың мүмкіндігіне ие болуы керек. Бірдей тауарлардың баға көрсеткіштеріне ерекше мұқият болғандұрыс.



Бұл сауда жасайтын залды үйімдас-тырудың ең негізгі ережелері. Біз үшін ең маңызды қорытынды: сауда жасайтын орынды әр түрлі үйімдас-тыруға болады, бірақ әрбір іс-әре-кет жақсы ойластырылған шешімнен туындауы керек.

“MIX маркетингте” “Орын” бөлу ар-наларын (тауарлардың дистрибу-циясын) және тауарды жеткізуіді үйімдастыруды да білдіреді.

Тауарды жеткізген кезде әр түрлі проблемалар туындауы мүмкін. Тауарды жергілікті жеткізумен және шет елден жеткізумен байланысты туын-дайтын негізгі проблемаларды қа-растырайық. Жеткізушилермен жет-кізуіді талқылаудың және нақты келі-судің негізгі тармақтары - бұл жет-кізуіндің бағасы, шарттары, бақылау механизмдері, кепілдіктер, тұрақ-тылығы.

Тиісінше, әрбір жеткізушимен Сіз шарт жасауыңыз керек. Онда не көрсетілуі керек? Онда тәменде келтірілген тармақтар болуы керек.

- **Бағалар**
- **Жеңілдіктер**
- **Шарттар**
- **Жеткізу мерзімі**
- **Сапа кепілдігі**
- **Сапасыз тауар, жеткізуіндің мерзімін бұзғаны үшін өтемекшілар**
- **Болашақтағы жеңілдіктер жүйесі**

Жеткізушимен шарт жасамастан бұрын, келесі кеңестерді қаперіңізге алыңыз.

- **Алдын ала ұсынымдар алыңыз.**
- **Компания туралы білініз (сайт, пікірлер).**
- **Шартқа қол қойыңыз.**
- **Алдын ала төлем кезінде өз мүдделеріңізді тиянақтаңыз (алдын ала төлем үшін жеңілдік; жартылай алдын ала төлеу).**
- **Не кепілдік бола алатынын сұраныз.**

“MIX маркетингтің” төртінші элементі – “Promotion” немесе “Жылжыту”.



ЖЫЛЖЫТУ (PROMOTION)

Төмөнде тауарларды жылжытудың ең танымал өдістері ұсынылған. Мүмкін, олардың арасынан Сіздің қазір пайдаланып жүргеніңде табылып қалар.

- ▶ **Әртүрлі вариациядағы жарнама** (жарнама қалқандары, маңдайшадағы жазулар, буклеттер, флаерлер, визиткалар, базарлардағы радио хабарландырулар, жүгіртпе жолдар және т. б.) – сөзсіз, клиенттерді тартудың кең таралған құралдары.
- ▶ **Сіздің сайтыңыз.** Бұғандеги интернеттің мүмкіндіктерін бағаламауға болмайды. Сіздің сайтыңыз және сіздің әлеуметтік желілердегі белсенділігіңіз (парақшаңыз) жаңа клиенттерді көтеп тартуы мүмкін. Сіз қатынас жасаудың басқа тәсілдерімен ұсыну мүмкін емес, көптеген ақпаратты береде аласыз. Бұндай құрал тауарлардың барлық түрлеріне және клиенттердің барлық категорияларына бірдей жарай бермейді.
- ▶ **PR немесе қоғаммен байланыс** – бұл да жылжытудың түрі, бірақ ол тауарларды тікелей жарнамалашу үшін емес, Сіздің бедел-бейненізді, Сіздің компанияның атауын, Сіздің миссияныңды, Сіздің бизнесіңіздің әлеуметтік рөлін танымал ету үшін пайдаланылады. Мысалы, егер Сіз пісірілген нанды сататын болсаңыз, онда қандай да бір көшпілік оқиғалардың, мерекелердің уақытында Сіз демеуші болып және тауардың белгілі бір мөлшерін тегін тұтынуға ұсына аласыз. Бұндай іс-шаралар баспасөзде жиі жарияланады, Сіз жергілікті басқару органдарына, қоғам қайраткерлеріне танылуыңыз (мақтау қағазын, алғыс алу) мүмкін, бұл Сіздің есіміңізді жылжытуға қызмет атқаратын болады.
- ▶ **Деректеме карточкалары және басқа да жарнама.**
- ▶ **Дербес сатулар** – тікелей маркетингтің бір бөлігі, оған біз қазір жан-жақты тоқталамыз.



Тікелей маркетинг технологиялары:

- дербес (жеке) сатулар;
- пошта арқылы директ-маркетинг (директ-мейл);
- каталог бойынша сату (каталог-маркетинг);
- телефон бойынша маркетинг (телефон маркетингі);
- тікелей жауп беретін телевизиялық маркетинг (телемаркетинг);
- интернет (онлайн-маркетинг)



Дербес (жеке) сатулар — тұсаукесерлерді ұйымдастыру, сұрақтарға жауп беру, тапсырыстарды алу және мәмілелерді жасаудың мақсатымен бір немесе бірнеше өлеуетті сатып алушылармен тікелей өзара іс-әрекет.

Пошта арқылы директ-маркетинг (директ-мейл) — өлеуетті сатып алушыларға жөнелту тізімдеріндегі мекенжайлары бойынша хаттарды (мекенжайлық немесе мекенжайсыз), жарнамалық материалдарды, буклеттерді және жарнамалық сипаттағы басқа да хабарламаларды тапсырыстың бланкісін немесе жауп беруге арналған конвертті ішіне салып пошта арқылы немесе электронды поштамен (директ-мейл) жолдауды қамтиды.

Каталогтар бойынша сату (каталог-маркетинг) — сатып алушыларға пошта арқылы жіберілетін, дүкендерде сатылатын немесе көрме-жәрменекелерде ұсынылған тауарлардың каталогтарын пайдалану.

Телефон бойынша маркетинг (телефон маркетингі) — телефонды тауарды сатып алушыларға тікелей сату құралы ретінде пайдалану.

Тікелей жауап беретін телевизиялық (маркетинг телемаркетинг) — көрі байланыс элементтерін (әдette, экрандағы телефон нөмілері) пайдалана отырып, жарнамалық теледидар (немесе радио) бағдарламалары арқылы тауарлар мен қызметтердің маркетингі.

Интернет-маркетинг — бұл интернетте тауарлар мен қызметтерді жылжытуға бағытталған іс-әрекеттер. Интернет-маркетингтің негізгі мақсаты: сайтқа кірушілерді сатып алушыларға айналдыру, пайданы үлғайту, аудиториямен өзара әрекет, клиенттермен байланысты қолдау және жағдайды бақылауда ұстаяу.

► Интернет-маркетингке маркетингтік коммуникацияның мына түрлері жатады:


- мәнмәтіндік жарнама және SEO;
- маркетплейстер мен алаңқайлардағы жарнама;
- медиа жарнама;
- мобильді маркетинг;
- social media marketing және мақсатты жарнама;
- серіктестік маркетинг.

Кіші бизнесі онлайн жылжыту үшін аса лайықты түрлерін талқылайық.



Мәнмәтіндік жарнама дегеніміз не?


Мәнмәтіндік жарнама іздеуге негізделген, онда жарнама материалдары іздеу сұрауына және тақырыпқа байланысты іздеу нәтижелері бар беттер бойынша көрсетіледі, онда жарнамалық материалдар тақырыптық сайттарда және мәнмәтіндік жарнаманың тақырыбына сәйкес келетін сайт беттерінде көрсетіледі.



Яндекс.Директе және Google Ads жарнамалық науқандардың негізі түрлері:

Іздеу жарнамасы – Яндекс немесе Google-да іздеу нәтижесіндегі жарнама.

**Яндекстің Жарнама желісіндегі
немесе Google Ads. мәнмәтіндік-
медиа желісіндегі науқандар** –
Сайттардағы, қосымшалардағы
және жарнамалық жүйе серіктес-
терінің басқа ресурстарындағы жар-
нама.



Google сауда науқандары. Фор-
мат e-commerce-ке сәйкес келеді
және тауарларды суреті мен бағасы
көрсетілген тартымды карточкалар
түрінде жарнамалауға мүмкіндік бе-
реді.

**Яндекстегі мобильді қосымша-
лардың жарнамасы.** Директ және
Google Ads мобильді қосымшалар
үшін әмбебап науқандар.

Видеожарнама. Видео форматын-
дағы интерактивті жарнама. Егер
жарнаманы Google Ads-та қосса-
ныз, көру алаңқайы ретінде YouTube
таңдауға болады.

Танымал маркетплейстерде орналастыру және жарнамалау

2022 жылы маркетплейстердің ықпалы күшіне түсті. Маркетплейстер – бұл са-
тып алушылар мен сатушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін жасал-
ған және жұмыс жасайтын ірі онлайн-платформалар.

Тақырыбы бойынша мұндаиды интернет-алаңқайлар өлтүрі болады: өмірдің бар-
лық жағдайына тауар сатып алуға мүмкіндік беретін әмбебап ұсыныстар бар
дүкендер не болмаса қандай да бір тематикалық бағыттағы өнімдерді ғана ұзы-
натын тар шеңберде мамандандырылған интернет-дүкендер.



Маркетплейс арқылы қандай тауарларды сатуға болады

Мұндаидан сату тәсілі логистика, сақтау, меншікті сайт өзірлеу сияқты артық машина-қатқа түскісі келмейтін кішігірім компанияларға, жеке кәсіпкерлерге жақсы. Маркетплейстерде үлкен сұранысқа ие, етімділігі жоғары өнімдерді сатқан тиімді. Тауардың маржиналдық мәні үлкен маңызды ие, өйткені әрбір сатып алушыны пайдада мөлшері қызықтырады.



Қорытынды

Маркетплейс — сату көлеміне ықпал ететін және пайданы үлғайтуға мүмкіндік беретін жақсы құрал. Дегенмен басқа арналарды қатар дамытқан дұрыс. Негұрлым көп құралдарды қолдансаңыз, соғұрлым лидогенерация көп болады.

SOCIAL MEDIA MARKETING – ӘЛЕУМЕТТИК ЖЕЛІЛЕР КӨМЕГІМЕН БРЕНДКЕ НАЗАР АУДАРУ ПРОЦЕСІ

SMM қандай міндеттерді шешеді:

- бренд парақшасын үнемі мазмұнмен толтыру;
- жобаның артықшылықтарын көрсету;
- мақсатты аудиторияны табу;
- брендті насыхаттау;
- пайдаланушылармен қарым-қатынас орнату, қызығушылық танытқан пайдаланушыларды клиентке айналдыру;
- бренд беделін басқару.

Қорытынылай келе, SMM кез келген саладағы бизнесті жылжыту үшін көп мүмкіндіктерге ие. Ол брендтік коммюникациялық науқанына көмектесуге және оны қолдауға, сонымен қатар аудиториямен өзара әрекет етудің негізгі және қажетті арнасы бола алады. Мысал ретінде интернетте дәстүрлі сайт құру үшін қаржат жұмсамай-ақ, тұтынушылармен негізгі коммуникация алаңы ретінде әлеуметтік желілердегі аккаунттарды қолданатын кіші бизнес өкілдерін сыйтуға болады.

Жылжыту құралдарының тиімділігін қалай бағалауға болады?

Мақсаттар мен нәтижелерді салыстырыңыз. Егер қойылған мақсат Сіз белгілі бір әрекеттерді орындаған кезде нәтижеге жететін болса, Сіз тікелей пайда аласыз – құмәнсіз, стратегия дұрыс таңдалған, және жылжытудың құралы өзінің тиімділігін дәлелдейді.

Жылжыту жөніндегі шараға дейінгі және одан кейінгі жағдайды салыстырыңыз. Сіз қандай да бір жылжыту құралын пайдалануды бастағанға дейінгі және одан кейінгі нәтижелерді салыстырыңыз. Егер Сіз жарнамалық іс-шарарадан кейін жаңа клиенттердің пайда болғанын көрсөніз, демек, Сіз дұрыс жолдасыз!

Іс-шара жүргізілген және жүргізілмеген аймақтарды салыстырыңыз. Сатулардың нәтижелерін және клиенттердің қамтылуын салыстырыңыз. Іс-шара-лардың тиімділігін сандармен тексеруге болады.

Ұзақ уақыт бойы сатуларды зерттеп тексеріңіз. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін Сіз жылжытудың көптеген құралдарын пайдаланатын боласыз, әрбір іс-шарадан кейін нәтижелерді тексеріңіз – бұл Сізге бизнесіңізді жарнамалаудың ең тиімді тәсілін анықтауыныңға көмектеседі.

Осымен біз “MIX маркетинг” жынтығының негізгі элементтерін қарауды аяқтадық. Орын, Өнім, Баға және Жылжыту маркетинг жынтығының дәстүрлі құрамдас бөліктері болып табылады. Егер Сіз “MIX маркетингке” сәйкес келетін әрекеттерді ойластырып, жоспарлап және бизнесіңізде іс жүзінде асыратын болсаңыз, бұл Сізді шешімдерді қөбіне жүйесіз, кенеттен, маркетинг жынтығының элементтер жүйесін білмей қабылдайтын бәсекелестерге қарағанда неғұрлым тиімді жағдайға қоятын болады.



“MIX МАРКЕТИНГТІҢ” ЖАҢА ЭЛЕМЕНТТЕРІ


Сессияның мақсаты:

“MIX Маркетингтің” жаңа, қосымша элементтерін атау; қосымша элементтердің әрқайсының артында маркетинг зерттеушінің қандай қызметтері тұрғанын айқындау.

Егер Сіз материалдық өнімдерді емес, қызметтерді сататын болсаңыз, онда олардың маркетингіне ерекше тәсіл қажет. Көрсетілген қызметті қолмен ұстап көруге, сатып алғанға дейін қарауға болмайды. Қызмет көрсетулер материалдық емес өнімдер болып табылады.

Қызметті оны көрсету арқылы алуға болады. Сондықтан, қызмет көрсетудің бір ерекшелігі – бұл оның “оны ұсынушыдан ажырамайтындығында” деп айтады. Қызмет көрсетуді стандарттау өте қыын, өйткені оларды автоматтар емес, адамдар ұсынады. Тіпті өте жақсы үйымдастырылған операциялық процесте, қызмет көрсетуге әрдайым адами фактор әсер етеді.

Адамның көңіл-күйінің, денесі мен психологиялық жай-күйінің факторы да қызмет көрсету процесінде үлкен рөл отқарады. Тиісінше, қызметті алушы да оның сапасына әсер етеді. Сондықтан үшінші маңызды ерекшелігі – материалдық өнімдерден айырмашылығы, жоғары стандарттаудың мүмкін еместігі. Сонымен қатар қызметті артығымен көрсетуге, жиып сақтауға және сұранысына қарай ұсынуға келмейді.



Материалдық емес өнімдердің (қызмет көрсетудің) ерекшеліктері:

- бейматериалдық;
- ажырамайтындығы (тұтыну қызмет көрсету сәтінде болады);
- абсолютті стандарттаудың мүмкін еместігі (адами фактор);
- жинақтаудың мүмкін еместігі.

“MIX маркетингтің” жаңа “Р”



АДАМДАР (PEOPLE)

“People” термині мақсатты нарық назарында Сіздің тауарыныздың қабылдануына әсер етуге қабілетті адамдарды білдіреді:

- ▶ Сіздің компаниянызды және Сіздің тауарынызды ұсынатын қызметкерлер; мақсатты тұтынушымен байланысқа түседін сауда қызметкерлері; “пікірлердің жетекшілері” болатын тұтынушылар; тауардың құны мен сапасына әсер етуі мүмкін өндірушілер.

Бұл терминге, сондай-ақ маңызды тұтынушы топтар – компания үшін сатулардың маңызды көлемін түрлендіретін бейілді тұтынушылар мен VIP-клиенттердің тобы да жатады. Бұл адамдардың маңыздылығы, олардың мақсатты тұтынушының назарына Сіздің тауарыныздың қабылдануына елеулі түрде әсер ете алуына байланысты. Сондықтан маркетингтік стратегияда мыналар қамтылуы қажет:

- ▶ Компания қызметкерлерінің ынталандыруын қалыптастыруға, қажетті дағыларын және біліктілігін дамытуға бағытталған бағдарламалар (қызметкерлерді оқыту, тренингтер, қызмет көрсетудің саласындағы тәлімгерлік); бейілді сатып алушылар мен VIP-клиенттерге арналған бағдарламалар; барлық мүмкін әдістермен клиенттерден кері байланысты алу. Егер Сіз өзініздің сатушыларынызды немесе клиенттермен байланыс жасайтын басқа да қызметкерлерінізді ешқашан үйретпесеңіз, іс-әрекеттердің белгілі бір стандарттарын жасамаңыз, онда Сіз олардан клиенттермен бір деңгейдегі

сапада өзара әрекеттесуін талап ете алмайтыныңызды ойлаңыз. MIX маркетингтің құрамындағы “Адамдар” термині бізді іс-әрекеттердің стандарттарын жасау, клиенттермен өзара әрекеттесу стандарттарын дайындау, қолдау және орындалуының сапасын бақылау – өнімді әзірлеу, баға белгілеу және т.б. сияқты маркетингтің функциясы екендігін үйретеді.

ПРОЦЕСС (PROCESS)

“Процесс” термині тұтынушылар мен компания арасындағы өзара іс-қымыл процесін сипаттайды. Бұл өзара іс-қымылға ерекше назар аударылады, өйткені тұра сол нарықта сатып алуды жасауға және клиенттің бейілділігін қалыптастыруға негіз болып табылады. Маркетингтік стратегияда мақсатты тұтынушыға қызметтерді көрсетудің процесін жетілдіруге бағытталған бағдарламаларды же-ке көрсетуге кеңес беріледі. Мақсат – қызметті сатып алуды және пайдалануды тұтынушы үшін барынша жайлы ету. Қызмет көрсету нарығы үшін процесс маңыздылығының мысалына, мысалы тез тамақтану желілеріндегі қызмет көрсету процесін және жылдамдығын жатқызуға болады. Дұрыс реттелген өзара іс-қымыл процесі желідегі ерекше артықшылықтарды – жылдамдықты қалыптастырады.

ФИЗИКАЛЫҚ АТРИБУТТАР (PHYSICAL EVIDENCES)

“Физикалық атрибуттар” термині тұтынушы қызметті сатып алу сәтінде ненің қоршауында болатынын сипаттайды. Физикалық айналасы компанияның дұрыс бедел-бейнесін қалыптастыруға, өнімнің ерекшелік сипаттамаларын белгілеуге мүмкіндік береді. Қызметтерден күтетінімізді қалыптастыру, сондай-ақ бұл мекемедегі осы қызметті пайдалануға бола ма, сол туралы шешімді қабылдауымыз үшін, дүкенде немесе дәмханада, немесе шаштаразда көргеніміз қаншалықты маңызды болып табылатынына ой жүгіртіңіз. Физикалық атрибуттар – бұл дәмханадағы тазалық, жайлылық, массаж жасайтын бөлмедегі үқыпты және таза жиһаз, тіс емдейтін емханадағы заманауи құрал-жабдықтар, туристік агенттіктердің әдемі және айқын фотосуреттер және анықтамалық басылымдар және т.б.

Әрбір 7 “Р-дің” әрқайсысы бойынша біз белгілі бір идеяларға немесе жоспарларға ие болатынымызға назар аударыңыз. Тіпті егер Сізде жақын үақытта штатта маркетолог пайда болмаса да, Сіз енді маркетингтің Сіздің бизнесіңізге қоятын маркетингтік функциялар мен міндеттерді түсінесіз.

**Осымен “Кіші және шағын кәсіпорындарға арналған маркетинг”
атты үлкен тақырып аяқталды.**

Сіздерге ең табысты маркетингтік шешімдерді тілейміз!



**ТИІМДІ БИЗНЕС
КОМАНДАНЫ
ҚҰРУ**

Бағдарламаның мазмұны

- 1.** Маған қызметкерлер қажет пе?
 - 2.** Лайықты кандидаттарды қалай табуға болады?
 - 3.** Жұмысқа қабылдау: не маңызды?
 - 4.** Бизнестің ең маңызды активін басқарамыз.
 - 5.** Ақшалай не ақшалай емес мәселелер: жалақы және көтермелей.
-

Біз не үйренеміз: бизнестің қажеттіліктері негізінде қызметкерлерді жұмысқа алу туралы шешімді қабылдау; кандидаттарды іріктеуді тиімді жүргізу; жұмысқа қабылдаған кезде қателерге жол бермеу; қызметкерлерді басқарудың негізгі ережелерін зерттеу; қызметкерлерге өтемақы беру және көтермелей тәсілдерін зерттеу.

Адами ресурстарды – қызметкерлерді басқару – мына негізгі құрамдас бөліктерді қамтиды:

Лауазымның қажеттілігін анықтау. Қандай жұмысты орындау қажет? Жеткілікті жұмыс көлемі бар ма?

Кандидаттарды таңдап алу: талаптарға сәйкес келетін бірнеше кандидаттарды табу.

Жұмысқа қабылдау: қажетті құжаттаманы рәсімдеу, міндеттерін түсіндіру, жаңа функцияларды (құзыреттерді) үйрету.

Жұмыстың нәтижелерін басқару: талаптармен салыстыру, бақылау және бағалау, тиімді кері байланыс.

Еңбекақы төлеу және көтермелей жүйесін анықтау: жалақы, қаржылай көтермелей, қаржылық емес көтермелей.



Маған қызметкерлер қажет пе?

Адам ресурстарын – қызметкерлөріңізді басқарумен байланысты мәселелерді қарастын бұрын – келесілер туралы ойланып көрейік: ал Сіз өзіңіз бизнесі жүргізу барысында не істейсіз? Сіз не үшін жауп бересіз? Сіздің міндеттеріңіздің тізімі, шамасы, қомақты болар.

Мысалы:

- 
- сатып алуды жоспарлаймын;
 - салықтарды және патенттерді есептеп, төлеймін;
 - тауарларды орналастырып, олардың жақсы көрінуін қадағалаймын;
 - шығыс материалдарын беремін (қызметтер);
 - тауарды алуға барамын және оны жеткіземін;
 - кредит төлеймін;
 - кассаны аламын және тауарлардың сақталуын қадағалаймын;
 - жеткізуді үйымдастырамын және процеске көмектесемін;
 - залдағы тәртіпті және тазалықты қадағалаймын, кейде жиыстырып тазалаймын;
 - клиенттерге қызмет көрсетемін;
 - жеткізушілермен есептесемін;
 - түсімді санаймын;
 - берешектерді жинаймын;
 - қызметкерлердің еңбекақысын төлеймін.

Кіші және шағын кәсіпорын иелерінің көбісінде осыған ұқсас жағдай орын алады. Осыған байланысты, шамасы, Сіздің бизнес бойынша шынымен де маңызды міндеттермен айналысуға уақытыңыз жетпейтін шығар, немесе Сізде өзіңізге көңіл бөлөтіндей бір минут артық уақытыңыз жоқ болар.

Егер бұл шынымен де проблемаға айналса, онда қызметкерлерді жалдауды ойластыратын кез келді деген сөз!

Көп жағдайда бизнестің иелері қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды қосымша шығын деп санап, бұған ынта білдіре қоймайды. Бірақ шән мәнінде - қызметкерлер дегеніміз – шығын емес, инвестиция.

Біз нені инвестициялаймыз? Қызметкерлердің белгілі бір штатын ұстау үшін, Сіз жалақыға, сыйлықақыға ақша саласыз. Сіз өзіңіздің уақытыңызды қызметкерлерді басқаруға бөлесіз.

Біз өз қызметкерлерімізге инвестиция сала отырып, неге қол жеткіземіз? Қосымша табыс – қызметкерлер Сізге сатуды арттыруға көмектеседі. Бизнесті басқаруға жұмсалатын уақыт – Сіз өзіңіздің көз жазбай бақылауды қажет етпейтін істерді қарамағыңыздағы қызметкерлерге тапсыра аласыз. Ең бастысы, өзіңізге уақыт қалады!

Мадинаның мысалын қарастырайық:



Мадинаның өтімді жерде орналасқан азық-түлік дүкені бар. Ол бұл бизнесті үш жылдан бері жүргізіп келе жатыр және ісі жақсы жүріп жатыр. Ол тұрақты және сенімді жеткізілімді жолға қойған, бірақ кейде жаңа өнімдерді іздеуге уақыты жетпейді, бар жеткізушилермен де, шамасы, неғұрлым тиімді шарттарда келісуге болар еді. Осы уақытқа дейін жеткізулердің көбі алдын ала төлем бойынша жүргізіледі.

Қауырт сағаттарда оның сатып алушыларға қызмет көрсетуге көмектесуіне тұра келеді – күніне 3-4 сағаттан. Бұдан өзге, адам көп болғандықтан – оған қосалқы жайдан тауарды да тасып, жаңа жеткізілімдерді де қабылдан және жеткізушилермен есептесуден қолы босамайды.

Дүкен кешкі 9-да жабылады және көп жағдайда ол ауысымнан кейін сатушыны (күні бойы әбден шаршашан) босатып, күндік түсімді алғаннан кейін, өзі дүкенді келесі күнгі ашылуға дайындалап, жиыстырып тәртіпке келтіреді. Ол айна бір рет мүлікті толық түгендедеуден өткізеді.

Жақында ауданмен келе жатып, Мадина жаңа сауда нұктесіне арналған жақсы орынды байқады. Бірақ нақтырақ анықтауға, мүмкіндігін және жалдау шарттарын білуге оның уақыты болмады. Ол нақ сол

сөтте жергілікті сауда бөлімінен қайтып келе жатқан еді, ол жерде пәннен түзарта болатын.

Үйде оның үшінші сыныпта оқитын қызы бар. Мадина көбірек уақытын онымен бірге өткізгісі келеді, бірақ бизнес үнемі назар аударуын қажет етеді. Сондықтан ол кешке жұмыстан келгенше қызына бала бағушы қарай тұрады.

Мадина тағы бір сатушыны жұмысқа қабылдауды ойланып көрген, бірақ оған, бұл шығын өзін ақтамайтын сияқты болып көрінді.

Таныс жағдай ма? Осы мысалдың негізінде келесі сұрақтарға жауап тауып көрейік:

1. Мадина өзінің жаңа қызметкеріне қандай міндеттерді табыстай алады? Сатып алушыларға қызмет көрсету, тауарды қабылдау, тауарды орналастыру және қосалқы жайдан жеткізу, дүкенді ұқыпты және таза ұстаяу.

2. Ол өзіне қандай міндеттерді қалдыруы керек? Күндік түсімді алу, тауарларды жеткізудің шарттарын талқылау, жаңа жеткізушилерді және тауар жинағын іздеу, бизнесінен көнегейтудің жаңа мүмкіндіктерін іздеу.

3. Мадина жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдаудан қандай пайда көреді? Бизнес иесі жауап беретін мәселелерді – ағымдағы

жұмыс емес, бизнесті басқарудың мәселелерін шешуге көп уақыт қалауды; жаңа қызметкермен функционалды бөлу арқылы бұрыннан жұмыс істейтін қызметкерді ынталандырады; отбасына және өзіне көп уақыт арнай алады.

4. Оның тағы бір сатушыны жалдау туралы шешімі өзін ақтай ма? Бұл жағдайда бұндан шешім өзін ақтайтын сияқты.

Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау туралы шешімде, екі мәселе негізгі болып табылады:

Міндеттері қандай?
Жұмыс көлемі қандай?

Көп жағдайда, жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау туралы шешімде де, сондай-ақ әрі қарай да, көптеген проблемалар, міндеттері мен жұмыстың күтілетін нәтижелерін жалпы, сонына дейін ойластырмадан пайда болады. Бұған дұрыс құрастырылған лауазымдық қызмет нұсқаулығы көмектесе алады. Келесі кесте мысал бола алады:



Лауазымы
(азық-түлік дүкенінің, сатушысы)
Жұмыспен қамтылуы
(толық / толық емес)



Міндептері,
сапаның көрсеткіштері,
нәтижелері



Сатып алушыларға қызмет көрсету – қолма-қол ақшаға сату.

Сатып алушылармен әдепті қарым-қатынас жасау; сатып алушылармен есептескен кезде қателеспеу; сатып алушылардың тарапынан шағымдардың болмауы; қолда бар барлық тауар жинағы жаймасөрелерде ұсынылған.

Сатып алушыларға қызмет көрсету – кредитке сату.

Кредитке сатылғандардың барлығы сатуды жүргізген сәтте есеп кітабында көрсетілген; кредиттің барлық өтеулері өтеудің сәтінде есеп кітабында көрсетілген.

Тауарды қабылдау: тауарды жеткізушилерден жүккүжаттары бойынша қабылданап алу; тауардың саны және сапасын салыстырып тексеру; қабылданған тауарды есеп кітабына енгізу.

Тауардың саны және сапасы жүккүжаттарына сәйкес келеді; қүжаттар қабылданғанң сәттен бастап 20 минуттың ішінде рәсімделген.

Есебін жүргізу: түсімнің; тауарлар қалдығының

Күндік түсім қүжатталып, иесіне құнделікті табысталып отырады; тауарлар қалдығы екі аптада бір рет жүргізілетін салыстырып тексерудің нәтижелері бойынша қүжаттамаға сәйкес келеді.

Жаймасөрелер мен дүкенді күтіп ұстау.

Тауар күнделікті жаңартылып отырады; жаймасөрелерде шаңның және бөтен заттардың болмауы; дүкен күніне екі рет жиыстырылып тазаланып отырады – ашылардың алдында және жұмыс күнінің барысында бір рет; дүкеннің едені таза, бөтен заттар жоқ.

Қосалқы жайды үқыпты ұстау.

Тауардың қоры түрлөрі және сортары бойынша сақталады; аттас тауардың бір орамасы ғана ашылған; жайда киімнен, аяқ киімнен және қызметкерлердің басқа да заттарынан, сондай-ақ электр шай-нектен және қызметкерлердің тамағынан өзге бөтен заттар жоқ. Тамақ тоңазытқышта оған арнайы бөлінген орында ерекше орауында сақталады.

Құзыреті



Қарапайым арифметикалық есептеулерді жүргізе алыу.

Міндеттері, сапаның көрсеткіштері, нәтижелері



Жылы шырай және зейінділігі.

ҰҚЫПТЫЛЫҒЫ.

Орташа дene еңбегін орындаі алуы.

Бизнестегі жаңа лауазым

- ▶ Жаңа лауазым туралы ойламастан бұрын міндеттерді және жұмыстың көлемін анықтап алыңыз.
- ▶ Міндеттердің әрқайсысы бойынша сапасы мен нәтижелеріне қандай талаптар қоятыныңды міндетті түрде ойластырып алыңыз.
- ▶ Сіздің болашақ қызметкеріңіз не істей алуы керектігін (оның құзыреті қандай болуы керектігі туралы) анықтап алыңыз.

Лайықты кандидаттарды қалай табуға болады?

Лайықты Кандидаттарды іздеу барысында өз қиындықтары болады. Сіздің назарыңызға қызметкерлерді іздеумен және таңдалумен байланысты бірнеше жағдайлар ұсынылады. Жағдайлардың әрқайсысын оқып шығып және өз тәжірибелісізді ескере отырып, қандай қатеге жол берілгенін анықтаңыз.

Гүлшат сатуши іздеді – көршісінің ұсынысы бойынша, орта мектепті бітірген қызыды жұмысқа алды.



Айжанда Сұлтан деген жігіт 3 жыл көмекші жұмысшы болып жұмыс істеді. Ол оның қызметіне көzlі толып, оған сатушының орнын ұсынды.



Тимур автосервисте 10 жыл жұмыс істеген слесарьді жұмысқа алды. Ол , слесарьдің алдыңғы жұмыс орнынан не себепті кеткенін білмейтін.





Мадинаға салонға маникюрші қажет болды. Ол бұл туралы таныстарына айтты. Қызметкерді іздеуге бір айдан артық уақыт кетті.



Ләzzattің немере сінлісі жұмыссыз қалды – ол сатушы болып жұмыс істеген еді. Ләzzat сінлісінің өтініші бойынша оны өзінің дәмханасына – ауысымның менеджері етіп жұмысқа алды.

Әрбір жағдай бойынша қандай қорытынды шығаруға болады?

Гүлшат сатушы ізdedі – көршісінің ұсынысы бойынша, орта мектепті бітірген қызды жұмысқа алды. Кандидаттың жұмыс тәжіриbesі және дағылары жоқ; көршісінің көңілін табуға тырысу бизнеске зиянын тигізуі мүмкін.

Тимур автосервисте 10 жыл жұмыс істеген слесарьді жұмысқа алды. Ол слесарьдің алдыңғы жұмыс орнынан не себепті кеткенін білмейтін. Алдыңғы жұмыс орнынан кету себебін тексермеді; алдыңғы жұмыс берушісінен мінездеме алған жоқ.

Айжанда Сұлтан деген жігіт 3 жыл көмекші жұмысшы болып жұмыс істеді. Ол оның қызметіне көңілі толып, оған сатушының орнын ұсынды. Жақсы көмекші жұмысшы – жақсы сатушы дегенді білдірмейді; Айжан Сұлтанның қабілетін түпкілікті бағалаған жоқ.

Мадинаға салонға маникюрші қажет болды. Ол бұл туралы таныстарына айтты. Қызметкерді іздеуге бір айдан артық уақыт кетті. Мадина кандидаттарды іздеу бойынша тиісті арналарды пайдаланбаған; хабарландыру беруге немесе маникюршілердің курсарынан іздестіруге болар еді.

Ләzzattің немере сінлісі жұмыссыз қалды – ол сатушы болып жұмыс істеген еді. Ләzzat сінлісінің өтініші бойынша оны өзінің дәмханасына – ауысымның менеджері етіп жұмысқа алды. Осының алдындағы жұмыс тәжірибесі мен ұсынылған лауазымның арасындағы айқын қарама-қайшылық.

Сонымен қызметкерлерді жұмысқа қабылдамас бұрын, кандидаттарда болуы тиісті білімді және дағдыларды анықтап алу керек. Олардың тәжірибесі қандай болуы керек? Қандай жеке қасиеттерге ие болуы тиіс? Осы сұрақтарға жауап бергеннен кейін, Сіз өзінізге нақты қандай қызметкердің қажет екенін оңай анықтай аласыз.

Қызметкерлерді іздеген кезде мына ұсыныстарды назарға алыңыз:

- **бос орын туралы ақпаратты тарату үшін тиісті арналарды пайдаланыңыз (тәнистар, әріптестер, хабарландыру);**
- **лауазымға қойылатын талаптардың негізінде 2-3 кандидатты анықтап алыңыз;**
- **олармен сұқбат жүргізіңіз;**
- **түпкілікті таңдау жасағаннан кейін жұмыс ұсыныңыз.**

Жұмысқа қабылдау: не маңызды?

Көп жағдайда, қызметкерді таңдап және кандидатты анықтағаннан кейін - Жаңа орындағы жаңа адам туралы ұмытып кететінімізге байланысты, оның жұмысына зиян тиеді! Қызметкерді жұмысқа қабылдау – өте маңызды кезең. Әрқашан тәмендеңгі кеңестерді ұстаныңыз:

- ▶ Жаңа қызметкердің құжаттарымен танысыңыз. Көшірмелерін жасап, байланыс ақпаратын жазып алыңыз.
- ▶ Қызметкер туралы пікірлерді тексеріңіз – осының алдындағы жұмыс бешүшісі, жұмыстағы әріптестері, көршілері.
- ▶ Қызметкердің құндылықтары және оны не ынталандыратынын біліңіз – кіммен және қайда тұрады; достары және таныстары немен айналысады; армандары, хоббиі және қызығушылықтары; бос уақытын қалай өткізеді; алдағы 3/5 жылға жоспары (тәменде бұлардың маңыздылығы туралы мысалдар келтірлген)

Нұсқама жүргізіңіз

- ▶ Клиенттермен жұмыс істеу ере-желерін және міндеттерін түсін-діріңіз (айтыңыз және көрсетіңіз).
- ▶ Қандай нәтиже күтетініңізді/ жұмыс сапасын түсіндіріңіз.

- ▶ Жаңа қызметкер өз міндеттерін түсінгеніне және сіздің талаптарыңызға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз (сұрақ қойыныз, қызметкер жұмыс күнін қалай елестеттінін, неге басымдық беретінін сұраңыз)
- ▶ Жалдау шарттарын – мерзімін, ақы төлеу, т.б. түсіндіріңіз.
- ▶ Сұрақтарына жауап беріңіз.
- ▶ Жаңа қызметкердің сұрақтарына сәйкес қажетті оқытуды жоспарлаңыз (оқуды өзіңіз жүргізіңіз немесе тәжірибелі қызметкерге тапсырыңыз).
- ▶ Сынақ мерзімін және одан өту критерийлерін белгілеңіз.

Неліктен жаңа қызметкерді жалдау сатысында оның құндылықтары мен оны не ынталандыратынын білу маңызды?

1-МЫСАЛ

Маникюр шебері қызметіне үміткер болып келген Айданамен әңгімелесу кезінде оған отбасы мүшелері туралы сұрақ қойылды. Айдана тұрмыс құрмағанын, құрбылармен бірге тұратынын сітті. Салон иесі Айдананың құрбыларының қызығушылықтары туралы білгісі келді. Сонда Айдананың жауабы: ‘Мен құрбыларыма таңданамын, бір жерге бару үшін олар ұзақ ойланбайды. Мысалы кешкі астың үстінде қызықты тур не мерзімі күйіп бара жатқан саяхатты тапсак, ертеңгісін қаланың сыртына немесе басқа елге ойланбастан үшіп кете аламыз’.

- Жұмысты не істейсіңдер?
- Әрине, таңтең басшыларымызды ескертеміз.

Бұл әңгіме салон иесін ойландырып қойды, өйткені қызметкердің жеке құндылықтары салон клиенттері алдындағы жауапкершілік ұғымына мүлде қарамақайшы. Ол алдын ала маникюрге жазылып, шебердің саяхаттап кеткеніне байланысты қызмет ала алмаған клиенттерін көз алдына елестетті.

2-МЫСАЛ

Ақмарал жұмысқа тағы бір кассирді алушы үйғарды. Ол әңгімелесу барысында осы қызметке орналасуға келген Толқыннан отбасы, достары, қызығушылықтары, бос уақытын қалай өткізетіні жайлы айтып беруін сұрады. Толқын үш баласы бар екенін, олар спортпен және сурет салумен шұғылданатынын қуана айтып берді. Үлкен қызы небәрі 15 жаста екенін, тамақты дәмді әзірлейтінін және үй шаруасына қолғабыс болатынын, кіші балаларға қарайтынын айтты. Сондай-ақ Толқын өз ойын былай білдірді:

- Жұмысым өте жауапты екенін түсінемін, егер клиенттер көп болса, жұмыста кідіре аламын. Клиенттердің көп болғаны жақсы емес пе?

Ақмарал алдын ала қорытынды жасады:

- Толқын өз қызметін жауапкершілікпен атқаратын болады;
- Жаңа кассир клиенттердің тілін таба алады;
- Қажет болған жағдайда, кассир жұмыстан кейін кідіре алады. Эрине, Ақмарал бұңдай жағдайдың жиі қайталануына жол бермеуге тырысады, бірақ аса қажет болған жағдайда, Толқынға сенім алатынын түсінді.

Бизнестің ең маңызды активін басқаралмыз

Бағдарлама мақсаты:

қызметкерлерді басқару процесін және ережелерін зерттеу; қызметкерлерді басқару процесіне арналған ұсыныстарды (кеңестерді) өзірлеу.

Қызметкерлерді басқару – бизнес басқарушысының/иесінің тұрақты міндеті. Адами ресурстарға инвестиция жасамақ болып шешкен екенбіз, біз бұл инвестицияның тиімді болуын, яғни қызметкерлердің еңбегінің нәтижелері біздің талаптарымыз белгіленгендеңіндеңізге сәйкес болуын қамтамасыз етуге міндеттіміз. Қызметкерлерді басқару процесі келесі сыртқы міндеттілген:



Қызметкерлерді басқару міндеттерді қызметкердің міндеттеріне сәйкес белгілеуден басталады. Сіздің ойнызыша түсінікті деген тапсырманың өзіне де мына тұрғыдан назар аудару қажет:

- ▶ қызметкер тапсырманың мақсатын және оны орындау қажеттілігін түсініп мекеме;
- ▶ қызметкердің дағдысы, ресурстары және құралдары жеткілікті мекеме;
- ▶ тапсырманы орындауға нақты мерзім қойылды ма;
- ▶ аралық бақылау қажет пе;
- ▶ бастапқыда сіздің немесе тәжірибелі қызметкердің қолдауы қажет болуы мүмкін.

Жаңа қызметкер қанша жерден тәжірибелі болғанымен, жаңа жұмыс орнында оған бейімделу және жаңа ережелерді қабылдау үшін уақыт қажет болады. Тіпті өте тәжірибелі қызметкер міндеттерді орындаудың әртүрлі сатысында басшыдан қолдау, қошемет күтеді. Бұл оны одан әрі бар ынтамен жұмыс істеуге жігерлендіреді.

Орындалуын тексеру. Эрбір бизнес иесі, әрине, өзінің қызметкерлерін бақылап отырады. Алайда, егер біз нақты және айқын қысынға келтірілген міндеттерге ие болсақ, нәтижелерді қадағалау неғұрлым

жинақы, нақты және ақпаратты болады. Мысалы, егер сатушының міндеттеріне қосалқы жайды ұқыпты ұсташа кірсе, тәртіпке келтірілмегенін байқаудан өзге, тауарлардың сортқа бөлінбегенін немесе бір аттас тауардың біреуден артық орамасының ашық екенін байқау өз алдына бір жұмыс. Сондықтан қандай тәртіп болғанын қалайтыныңды алдын ала айтып, көрсету керек. Тағы бір маңызды жайт – уақытылы бақылау. Мысалы, басшы қызметкерге оның жұмысын сәрсенбі тексеремін дейді, бірақ белгіленген күні тексермейді, осы жағдайда бірнеше рет қайталаңады. Уақыт өте қызметкер басшының өз сөзінде тұрмайтынына дағыланып қалады, өз міндеттерін сапалы әрі уақытында орындауды тоқтатады. Дегенмен шамадан тыс бақылау да қызметкерге кері әсер етуі мүмкін. Қорытынды – бақылау процесінде қақ ортаны ұстану қажет.




Кері байланыс және нәтижелерді бағалау. Қызметкердің өз міндеттерін орындағанын немесе тиісті түрде орындағанын айқындауға лауазымдық қызмет нұсқаулығы көмектеседі, ол қызметкердің қаншалықты табысты жұмыс істегенін көрсетеді. Қызметкерлерге жұмыс барысында кері байланыс беру өте маңызды, бірақ ресмиліктің; кем дегенде айна бір рет қызметкермен кездесуді өткізу және онымен жұмыстың нәтижелерін талқылаудың да маңызы кем емес.

Бұл ретте кері байланыс берудің бірнеше қағидасын ұстану қажет:

- ▶ обьективті және нақты болу маңызды – нақты жағдайларды және оның салдарын талқылау, жалпы сөздермен шектелуге, текстерілген ақпаратқа сүйенуге және жеке басына өтуге болмайды;
- ▶ кері байланысты уақытылы беру керек – мысалы, ол қызметкердің қатесінен кейін екі айдан соң өзекті болмайды;
- ▶ кері байланыс қызметкерге беріледі – кері байланысты басқа қызметкерлер арқылы беру дұрыс емес. Бұл басқа қызметкерлерде қате түсінік және жөнсіз болжам туырады;
- ▶ кері байланысты қызметкер қателескен кезде ғана бермеу қажет – сапалы жұмыс үшін мақтап қою жаңа қызметкерлерді, сонда-ақ бұрыннан жұмыс істеп жүрген қызметкерлерді де ынталандырады;

Жақсарту жөніндегі ұсыныстар. Бағалаудың нәтижесі қызметкердің міндеттерін орындаудағы олқылықтарын түсініү ғана емес, сонымен бірге басқарушының қызметкерге жұмысының нәтижелерін қалай жақсартуға болатыны туралы кеңестерді беруінде де болып табылады. Біз мұны көп жағдайда елеусіз қалдырамыз, бұл қызметкердің жұмыс сапасының жақсару ықтималдығын азайтады. Бұл ретте қызметкерді оқыту айтарлықтай маңызды. Кейбір қызметкерлерге нұсқама беру жеткілікті – мұны кезең-кезеңмен жүзеге асыру қажет, басқа қызметкерлерге айтып, көрсету керек. Ал кейбір қызметтерде айтып, көрсетіп қана қоймай, қызметкерден осы іс-әрекеттерді қайталаудың сұрау қажет.



Айжанның жағдайын қарастырайық. Оның оқиғасымен таныс болыңыздар.

Айжанның өз бизнесі – сұлулық салоны бар. Оның бизнесте жүргеніне 4 жыл болды – көп жұмыс істеуге тұра келсе де, Айжан риза: клиенттерге ұсынылатын қызмет ұнайды, төрт адамнан тұратын ұжым да тату болып шықты. Төртеуінің барлығы да – екі шаштараз, косметика маманы және әкімгер, өз жұмысын өтеп адал және жақсы орындаиды.

Жақында Айжан тырнақ шеберін жұмысқа қабылдамақ болып шешті. Салтанаттың жұмыс тәжірибесі жақсы болатын, сондықтан Айжан аса алаңдай қойған жоқ. Жұмыстың бірінші күні қыздар жаңадан келген қызыметкерді жылды қарсы алды – Айжан бұл уақытта шығыс материалдарын жеткізушіге кеткен еді – шашқа арналған бояулардың жаңа желісін сатып алудың жақсы сәті туған болатын.



Бірақ бірінші аптада-ақ проблемалар пайда болды. Басқа қызыметкерлерден өзгешелігі, Салтанат ауысым аяқталғаннан кейін өзінің барлық керек-жарақтарын күннің соңында жұмыс орнында қалдырып және оны тек келесі күні ашылудың алдында ғана ретке келтіретін. Айжанның ұжымындағылар шылым тартпайтындар – ал Салтанат, клиенттер болмаған кезде, қосалқы жайға шылым тартуға баратын. Айжан бұны байқады, бірақ, бұл туралы бетіне айтқан ыңғайсыз болар деп санады – адам таяуда ғана жұмысқа орналастығой. Ол өзінің мұны мақұлдамайтынын жанама түрде – өзінің көңілі толмағанын бет әлпетімен байқатпақ болып шешті. Салтанат өлденененің дұрыс емес екенін сезіп, осыған байланысты үнемі көңіл-күйі болмай жүрді, бұл оның клиенттермен қарым-қатынасына әсер етті.

Айдың соңында, жалақы төленген кезде елеулі проблема туындаады. Салтанат негізгі жалақының көлісілген сомасын алғаннан кейін бонустың (сыйлықақы) өтеп аз болып шыққанына таңданды. Қалған қыздар оған мұның қараша айындағы дағдылы жағдай екенін, клиенттердің аз және түсімнің де басқа айлармен салыстырғанда шағын болуымен түсіндірді.

Бұл жағдайдан кейін Айжанның шыдамы таусылды. Ол Салтанатқа оның жұмысқа деген көзқарасының себебінен салонның клиенттерді жоғалтатынын және егер ол өзінің жұмысын жақсартпаса, жұмыстан шығатынын ескертті.

Осы сессия барысында білген барлық ақпаратты назарға ала отырып, келесі сұрақтарға жауап беріп көрейік:

1. Қызметкерлерді басқаруда Айжан қандай қателіктеге жол берді?


Жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдаған кезде қызметкерлерге арналған ереже түсіндірілген жоқ. Жұмыстың бірінші күні салонның иесі жаңа қызметкерді ұжымға таныстырған жоқ, бонусты есептеудің қағидаттары түсіндірілген жоқ, кері байланыс нақты болмады. Айдың соңында жұмыстың нәтижелерін бағалау жалпы кінәлауларға ауысты және жұмыстан босатамын деп қоқан-лоқы жасалды.

2. Бұлар қандай салдарларға алып келді?

Клиенттерге қызмет көрсету сапасының нашарлауы, клиенттерді жоғалту, түсімнің төмендеуі, ұжымдағы ахуалдың нашарлауы. Іздеуге және жұмысқа қабылдауға үақыт және құш-жігер жұмсалған білікті қызметкерден айрылудың мүмкіндігі.

3. Айжанға қызметкерлерді басқару тәжірибесін жақсарту жөнінде қандай кеңестер беруге болады?

Жұмысты бастардың алдында жаңа қызметкерге жұмыстың жағдайын, мінездің құлышын ережелерін жан-жақты түсіндіру. Ұжыммен таныстыру, барлық сұрақтарға жауап беру. Жұмыстың барысында нақты жағдайға немесе қызметкердің мінездің құлқына қатысты нақтылы ескертудерді жасау, яғни - жалпы ескертудерді жасамау. Айдың соңында нақтылы ескертудер және жұмыстың қалай жақсартуға болатыны жайлы кеңестер арқылы жұмысты бағалауды жүргізу.



Қызметкерлерді басқару процесі.

Кеңестер:


- Міндеттерді және орындалатын жұмыс сапасын, сондай-ақ орындауда салдарын нақты келісіңіз және түсіндіріңіз.
- Міндеттердің орындалуын бақылап отырыңыз. Үақытылы кері байланыс беріңіз.
- Тұрақты түрде – айна бір рет кездесіп, жұмысына баға беріңіз.
- Бағалау нәтижелері бойынша жұмысын жақсарту жөнінде нақты ұсыныстар беріңіз.

Ақшалай және ақшалай емес мәселелер: жалақы және көтермелеу

Бағдарламаның мақсаты:


жалақы белгілеу әдістерін зерттеу; қаржылай көтермелеу әдістерін зерттеу; қаржылай емес көтермелеудің маңыздылығын және тәжірибесін талқылау.

Сессияны бастамастан бұрын, келесі пікірлерді оқып шығыңыз.




**Жұмыста қарым-қатынас маңызды емес.
Қызметкерлер жалақы алады, оларға осы да жеткілікті.**

**Қызметкерлерге қанша төлесең де –
жұмыс нәтижесі бұған байланысты емес.**



Жалақы – қызметкерлерді ынталандырудың негізгі көзі.



Қызметкерлерге қаншалықты аз төлесен – соншалықты жақсы.


Енді осы пікірлердің әрқайсысын жан-жақты қарастырайық.

Жұмыста қарым-қатынас маңызды емес. Қызметкерлер жалақы алады, оларға осы да жеткілікті. Еңбекақы төлеу маңызды фактор болып табылғанымен, басқарушының қызметкерлерге деген қарым-қатынасы және ұжымдағы ахуал қызметкерлердің жұмысқа деген көзқарасын анықтайды.

Қызметкерлерге қанша төлесен де – жұмыстың нәтижесі бұған байланысты емес. Егер еңбекақы төлеу нәтижелерге бекітілген болмаса, жұмыстың мөлшері мен сапасына қарамастан біркелкі болып қала береді.

Жалақы – қызметкерлерді ынталандырудың негізгі көзі. Жалақының деңгейі негізінен нарықпен анықталады; сондықтан еңбек жағдайы және қосымша артықшылықтар көп жағдайда көп нәрсе шешеді.

Қызметкерлерге қаншалықты аз төлесен – соншалықты жақсы. Аз төлеуге болады, бірақ онда жұмысты сапасыз орынданғайтын және біліктілігі төмен қызметкерлерді алуға дайын болу керек.



Қызметкерлердің жалақысының мөлшерін есептеместен бұрын, оның меканиздармен танысады – жалақының мөлшерін нарық анықтайды. Басқа бизнесте осыған үкес жұмыс үшін қанша төлейтініне міндettі түрде талдау жасаңыз. Ауытқу өзін ақтай алуды керек – егер Сіздің қызметкеріңіздің тәжірибесі шектеулі болса немесе мүлде тәжірибесі болмаса, нарықтық деңгейден аздаған тәмен; ерекше білікті және тәжірибелі қызметкерлер үшін аздаған жоғары жалақы төлеу керек. Көптеген кәсіпкерлер қызметкерлеріне құнделікті төлегенді ынғайлы көреді. Бұл – олардың таңдауы. Бірақ бизнестің дамуымен және қызметкерлер санының артуымен, бұл кәсіпкердің тым көп уақытын алатын болады. Ай сайын ең-бекақы төлеу кәсіпкерден ақша ағынын басқарудың жақсы дағдыларын талап етеді. (Бұл тақырып жеке семинарда қаралады). Еңбекақы құнделікті, апта сайын, ай сайын төленуі мүмкін. “Оң” және “теріс” жақтарын талқылап көрейік.

Сынақ мерзімінде ақы төлеу. Ол аяқталғаннан кейін жалақыны көтеру жоспарланған.

Объективті қарасақ, жаңа қызметкердің жұмыс тәжірибесі аз болады, өйткені ол сіздің бизнесіңіздің барлық қыр-сырын біле бермейді. Сондықтан бұл кезеңде оның жұмысының күтілетін сапасы тәмен болады. Сондықтан сынақ мерзімінде аздаған тәмендетілген ставканы тағайындаған әділетті болмақ. Жұмыстың нәтижелері бойынша бонустар немесе сыйлықақылар қызметкерлерді басқарудың тиісті құралы болып табылады. Біз бұл құралды бизнес үшін барынша тиімді пайдаланудың белгілі бір ережелерімен танысамыз.

Бонустар және сыйлықақылар

Нәтижелерге байланысты! Шарттары – нақты анықталған. Нормадан асқан сату көлеміне (сауда) пайыз төлеу. Қызмет көрсетілген клиенттердің саны артса (қызметтер), сыйлықақы беру. Топтық немесе жеке:

“Оң” және “Қарсы” 60:40 ережесі.

Сыйлықақылар және бонустар ешқашан автоматты түрде болмауы керек. Олар нақты қисынға келтірілген жұмыстың болжалды нәтижелеріне бекітілген болуы керек. Сыйлықақылар және бонустар белгіленген нормалардан артық орындалған үшін тағайындалады, мысалы: Х мың теңгеден асатын түсімнен 5% төленеді. Бонусты есептеуді аптаның, немесе айдың, нәтижелері бойынша жүргізген дұрыс – бұған аз уақыт жұмсалады және құнделікті шашыранқы нәтижелерді ретке келтіреді.

Жеке бонус жекелеген қызметкерлерді көтермелесу үшін жақсы, бірақ ұжымды қалыптастыруға көмектеспейді. Қызметкер өзінің қызметін өте жақсы орындаған, бірақ өзі шеше алатын, алайда оның тікелей міндеп болып табылмайтын проблеманы көзге ілмейтін жағдайлар пайда болуы мүмкін. Топтық бонустар ұжымды нәтижелерге қол жеткізуге жұмылдырыады, бірақ ниеті онша адал емес қызметкерлер үшін жақсы «қалқа» болуы мүмкін.

Егер Сіз қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесінде бонустар мен сыйлықақыларды пайдалансаңыз, олар қызметкердің жалпы сыйақысының 40%-нан аспауы керек.



Қаржылай емес көтермелесулер неге маңызды?

Жүргізілген зерттеулер, жалақының нарықтық жағдайлары кезінде (төмендетілмеген, тым жоғары емес) жұмыста қалу керек пе, әлде жаңасын іздеу керек пе деген шешімнің **қаржылай емес факторларға** тәуелді болатынын көрсетті. Көптеген басшылар құнды қызметкерге ақшалай сыйлықақылар тағайындау арқылы оны ұстап қаламын деп ойлады. Алайда бұл қате түсінік. Сыйлықақы алған жақсы, бірақ сый-

лықақылар қызметкерді ұзак уақыт ынталандыра алмайды, ал сыйлықақы жиі берілсе, қызметкер оған жалақының міндепті бір элементті реңтінде қарайтын болады, осылайша материалдық ынталандырудың құндылығы жоғалады.

Басшылар құнды қызметкерді жоғалтпау және жұмыста қолайлы жағдай туғызу үшін әр алуан қаржылық емес ынталандыру әдістерін қолдана алады.

Оның түрі сан алуан:

- ▶ басшының қызметкерлердің проблемаларына назар аударуы;
- ▶ қызметкер өзінің проблемасын талқылауды қажет еткенде / қалаған кезде, басшының уақыт табуы;
- ▶ мемлекеттік және кәсіби мерекелермен, туған құнмен және мәртоймен құттықтау;
- ▶ мерекелерді ұжымда атап өту;
- ▶ тамақтану, үзілістерде демалу үшін қолайлы жағдай жасау;
- ▶ бизнестің есебінен шай, тұскі аспен қамтамасыз ету;
- ▶ ауысым аяқталғаннан кейін кешкі/тұнгі уақытта көлікпен жеткізіп салу;
- ▶ қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету (тұнгі дүкедер!);
- ▶ икемді жұмыс кестесі (үзілістер, басталуы-аяқталуы);
- ▶ қызметкердің еңбегін мойындау, өсіреле бүкіл ұжымның қатысуында атап өту;
- ▶ қызметкерлермен бизнес идеяларды талқылап отыру, олардың пікірін сұрау, сервисті жақсарту жөніндегі ұсыныстары үшін алғыс білдіру;
- ▶ кәсіби өсу мен мансап үшін жағдай жасау.

Қызметкерді не ынталандыратынын қалай білуге болады? Шынында да, өркімнің өз қажеттіліктері, өзіндік мотиваторлары бар – олар қызметкердің қандай жағдайда тұратынына, қандай ортамен қарым-қатынас жасайтынына, оның қандай армандары бар, отбасы бар ма, жоқ па, қанша уақыт жұмыс істейтініне, бұрынғы тәжірибесі қандай болғанына және т. б. байланысты.

Қызметкерлерді не ынталандыратының білу үшін оның жеке жетістіктеріне, қызығушылығына, қындықтары мен проблемаларына шын жүрекten қызығушылық таныту керек.

Өмір жағдайлары көрсеткендей, тіпті өз проблемасы туралы айтқан адаммен қысқа қарым-қатынас оған өзін жақсы және сенімді сезінуге мүмкіндік береді. Оның ішкі сезімі мен көңіл-күйі жұмыстың сапасына тікелей әсер етеді.

Қорытынды – мотивация жаңа қызметкерлер үшін де, жетілген, тәжірибелі қызметкерлер үшін де маңызды. Қаржылық емес сыйлықақылар көбінесе бизнес үшін шығындармен байланысты емес екенін, бірақ айтартықтай оң нәтиже беретінін атап өту қажет.

Мысалы, тәжірибесіз жас қызметкер өз жұмысын мақтаған жағдайда сапалы орындаиды. Тәжірибелі қызметкерді мадақтау, өрине, жағымды болады, бірақ егер басшы оның сараптамалық пікірін сұраса, оның ұсыныстарын тыңдаса, ол одан бетер жігерлене жұмыс істейді – ол үшін бұл оның тәжірибесін, еңбегін мойындау.



Кері байланыс нысаны

Аты-жөні _____

Күн _____



Егер Сіз кері байланыс нысанын электронды нұскада толтырығыңыз келсе, төмendetі QR-код бойынша өтіңіз:



Бизнесіті дамыту тақырыптары Сізге / Сіздің бизнесіңізге қаншалықты пайдалы?

- 100%-ға пайдалы
- 50%-ға пайдалы
- Пайдасыз
- Басқасы (көрсетіңіз) _____

Көрнекі құралдардың сапасын қалай бағалайсыз?

- Материалдар көрнекі әрі түсінікті болды
- Материалдар түсініксіз болды
- Материалдар көрнекі болғанымен, түсініксіз болды
- Басқасы (көрсетіңіз) _____

Материал тақырыбы қаншалықты түсінікті жеткізілді?

- Теориясы да, практикасы да түсінікті болды
- Материалды игеруге үақыт жетпей қалды
- Барлығы түсінікті, дегенмен практикалық тапсырмалар аз болды
- Басқасы (көрсетіңіз) _____

Сіздің бизнесіңіз үшін қандай тренинг тақырыптары пайдалы болар еді?

Кері байланыс бергеніңізге рақмет, біздің семинарлар Сізге бұдан да пайдалы болуы үшін бар күшімізді саламыз!

Жоба кеңесшісі туралы

“KMF” Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД және Шығыс Еуропа елдеріндегі микроқаржыландыру секторы көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметтін 1997 жылы бастады.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. Қызмет еткен уақыт ішінде “KMF”-те 600 000-нан астам қазақстандық кредит алды, Компанияның белсенді клиенттерінің саны 250 мыңнан асты. (01.10.2022 ж. деректер).

“KMF”-тің ҚР ірі қалаларында 14 филиалы және 114 бөлімшесі бар, олардың көбісі ауылдық жерде орналасқан. Жалпы алғанда, атальыш бөлімшелер арқылы 4000-нан астам шалғайдағы елдімекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

“KMF” қызметтінің негізгі бағыты – келесі қызметтүрлеріне жеке және топтық кредит беру: бизнес, сауда, егін және мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету және тұтынушылық мақсаттарға кредит беру. Компания беретін кредиттердің 80%-дан астамы бизнесті құруға және дамытуға бағытталған. Сондықтан біз KMF бейілді клиенттері үшін “Бизнесті басқарудағы қаржылық сауаттылықты арттыру” бағдарламасын өзірледік. Осы жобаның арқасында Компанияның клиенттері өз ісін басқарып, білім деңгейін арттыра алады.

Сенім білдіргендеріңізге рақмет!

“KMF” МҚҰ және “KMF-Демеу”
Қоры Компаниялар тобы



СОНДАЙ-АҚ

QR-код бойынша өтіп, семинарға
өтінім бере аласыз:



ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ЖАЗБАЛАР ҮШІН



ЖОБАНЫ БАСТАУШЫ – “КМФ” КОМПАНИЯСЫ

Алматы қ., Н. Назарбаев даңғылы, 50



CALL-ОРТАЛЫҚ:

7474

(ұялы телефоннан тегін)

8 800 080 58 00

(стационарлы телефоннан тегін)

Кітапшаның электрондық нұсқасын www.demeufund.kz сайтындағы
немесе www.kmf.kz сайтындағы
“Қаржылық сауаттылық” бөлімінен алуға болады.

Кітапшаның электрондық нұсқасымен
Сіз мұнда таныса аласыз



Таралым: 5 000 дана.

Алматы, 2022 ж.

Барлық авторлық және мүліктік құқықтар
“КМФ-Демеу” корпоративтік қорына тиесілі.